



Bank of Kazakhstan

Қазақстан Ұлттық Банкінің

Хабаршысы

- 1 Шетел валюталарының ресми бағамдары
- 2 Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі
- 15 Нормативтік құқықтық актілер

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»

Редакторы:

Ақышев Д.Т.– Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;

Редактордың орынбасары:

Терентьев А. Л. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің директоры;

Кенес мүшелері:

Орлов П.Е.– Зерттеулер және стратегия департаментінің кәсіпорындар мониторингі басқармасының бастығы; Мадиярова Ә.Қ. – Төлем жүйелері департаменті төлем жүйелерін қадағалау басқармасының бастығы; Сарсенова Н.В.- Заң департаменті директорының орынбасары; Сәрсенбаева А.И. – Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаменті аударма және мемлекеттік тілді ендіру басқармасының бас маман-аудармашысы;

Шығаруға жауапты:

Шабанова Н.Н. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаменті қоғамдық байланыстар басқармасының бас маманы.

Құрылтайшы – Қазақстан Ұлттық Банкі

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде
1997 жылғы 24 ақпанда № 432 тіркелді

Қазақстан Ұлттық Банкі

1995 жылдан бастап шығарылады



«АСЫЛ КІТАП» БАСПА ҮЙІ ЖШС

Қазақстан Республикасы
050009, Алматы қаласы
Абай данғылы, 143
asylkitap@mail.ru
+7 (727)394 41 67

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 40 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2013 жылғы 5 қараша

*«Қазақстанның қалалары» монеталар сериясынан «Қостанай», «Талдықорған»,
«Тараз» ескерткіш монеталарын айналысқа шығару туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2013 жылғы 5 қарашадан бастап «Қазақстанның қалалары» монеталар сериясынан номиналы 50 теңгелік, нейзильбер қоспасынан жасалған «Қостанай», «Талдықорған», «Тараз» ескерткіш монеталарын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

«Қостанай», «Талдықорған» және «Тараз» ескерткіш монеталарының бет жақтарындағы (аверсіндегі) бейнелері бірдей. Монеталардың бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «50 ТЕҢГЕ» деген жазу бар. Жоғарғы бөлігінде ою-өрнекті сегіз бұрышты розетка, төменгі бөлігінде – ұлттық ою-өрнек элементі. Номиналдың оң жағында «ҚҰБ» деген аббревиатура орналасқан. Айналысқа шығару жиек жүргізілген.



«Қостанай» ескерткіш монетасының сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде Қостанай қаласының гербі бейнеленген. Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» деген жазу, монетаның соғылған жылын білдіретін «2013» деген сан және шығыңқы жиек жүргізілген. Жазу мен сан нүктелермен бөлінген.

«Талдықорған» ескерткіш монетасының сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде Талдықорған қаласының гербі бейнеленген. Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» деген жазу, монетаның соғылған жылын білдіретін «2013» деген сан және шығыңқы жиек жүргізілген. Жазу мен сан нүктелермен бөлінген.

«Тараз» ескерткіш монетасының сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде Тараз қаласының гербі бейнеленген. Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» деген жазу, монетаның соғылған жылын білдіретін «2013» деген сан және шығыңқы жиек жүргізілген. Жазу мен сан нүктелермен бөлінген.

Монеталардың бет жағындағы және сырт жағындағы суреттер мен жазулар бедерленген. Қыры (гурты) бедерлі.

Монеталар «нейзильбер» қоспасынан жасалған, диаметрі – 23 мм, массасы – 4,71 грамм, әрбіреуінің таралымы – 50 мың дана.

Номиналы 50 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы ресми хабарға түсіндірмесі

Ескерткіш монеталар «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнында дайындалған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында сатып алуға болады. Алматы қаласында мына мекенжай бойынша: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны (727) 273-83-98.

*Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39
E-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 41 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2013 жылғы 13 қараша**

*«Қазақстан халқының ертегілері» монеталар сериясынан
«Шурале» ескерткіш монеталарын айналысқа шығару туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2013 жылғы 8 қарашадан бастап **«Қазақстан халқының ертегілері» монеталар сериясынан** номиналы 500 теңгелік, «proof» сапалы күмістен және нейзильбер қоспасынан номиналы 50 теңгелік **«Шурале» ескерткіш монеталарын** айналысқа шығару туралы хабарлайды.

«Шурале» күміс монетасының және нейзильбер қоспасынан жасалған монетаның бет және сырт жақтарындағы бейнелер бірдей. «Proof» сапалы күміс монетадағы бейне жылтыр бетке салынған.

Монеталардың бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде ою-өрнек аясында Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген. Төменгі бөлігінде монетаның номиналын білдіретін сан (күміс монетада «500», нейзильбер қоспасынан жасалған монетада «50») және «ТЕҢГЕ» деген жазу бар. Сол және оң жағында бір-біріне қарама-қарсы ұлттық өрнектің элементі бейнеленген. Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ», орыс тілінде «РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН» деген жазу бар. Жазулар нүктелермен бөлінген.



Монетаның сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде Шурале ертегісінің кейіпкерлері, соғылған жылын білдіретін «2013» деген сан және Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі бейнеленген. Жоғарғы бөлікте мемлекеттік тілде «ШУРАЛЕ» деген жазу бар. Төменгі жағында монета дайындалған металды, оның сынамын және массасын білдіретін «Ag 925 31,1 g» деген жазу бар (күміс монетада).

Монетаның бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазбалар бедерленген. Айналысқа шығыңқы жиек. Ескерткіш монеталар:

- 1) 925 сынамды күмістен дайындалған, массасы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм, дайындау сапасы – «proof», таралымы - 4 мың дана, қыры (гурты) бедерлі;
- 2) «нейзильбер» қоспасынан жасалған, диаметрі – 31 мм, массасы – 11,17 грамм, таралымы – 100 мың дана, қыры (гурты) бедерлі.

Номиналы 500 теңгелік және номиналы 50 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің түсіндірмесі

Шурале – татар халық ертегілерінің кейіпкері. Татар және башқұрт ертегілеріндегі антропоморфтық мифтік мақұлық, орман рухының кейіпкері.

Ескерткіш монеталарды «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш күміс монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында, Алматы қаласында мына мекенжай бойынша сатып алуға болады: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны (727) 273-83-98.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39

E-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 42 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2013 жылғы 13 қараша

*«Қазақстанның фаунасы мен флорасы» монеталар сериясынан
«Каспий итбалығы» ескерткіш күміс монетасын айналысқа шығару туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2013 жылғы 8 қарашадан бастап **«Қазақстанның фаунасы мен флорасы»** монеталар сериясынан номиналы 500 теңгелік, «proof» сапалы **«Каспий итбалығы»** ескерткіш күміс монетасын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

«Каспий итбалығы» ескерткіш күміс монетасының нысаны сопақша. Монетаның бет жағында (аверсінде) жүзіп бара жатқан итбалықтың және күннің стильдендірілген бейнесі. Монетаның жоғарғы бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «500 ТЕҢГЕ» деген жазу, сол жағында Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі бар. Төменгі бөлігінде сопақшаны айналдыра мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу және монета дайындалған металды, оның сынамын және массасын білдіретін «Ag 925 24 g» деген жазу бар.



Монетаның сырт жағында (реверсінде) ортасында мұздақтардың арасында Каспий итбалығы күшігімен бірге және алтын жалатылған күн бейнеленген. Монетаның жоғарғы бөлігінде сопақшаны айналдыра мемлекеттік тілде «КАСПИЙ ИТБАЛЫҒЫ», түрдің латынша атауын білдіретін «PHOSA CASPICA» деген жазба, төменгі жағында соғылған жылын білдіретін «2013» деген сан бар.

Монетаның бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазбалар бедерленген. Сопақшаны айналдыра шығыңқы жиек. Қыры (гурты) бедерленген.

Монета 925 сынамды күмістен жасалған, массасы – 24 грамм, сопақша 38,61 x 28,81 мм., дайындау сапасы – «proof», таралымы – 5 мың дана.

Номиналы 500 теңгелік ескерткіш монета Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің түсіндірмесі

Каспий итбалығы немесе Каспий нерпасы (лат. Phoca caspica) – нағыз итбалықтардың, ескекаяқтылар отрядының түрі. Әлемдегі ең кішкентай итбалық – Каспий теңізінің эндемигі. Қыста, ерте көктемде және қара күзде Каспий итбалығы теңіздің солтүстігіне қарай ығысады, сол жерде мұздарда жиналып, күшіктейді және түлейді, күзде Еділ мен Жайықтың сағасына түсіп, Волгоградқа дейін барады және Жайықты бойлай 200 км жоғары жылжиды, көктемде оңтүстікке қайтады. Топталып жүреді. Жойылу қаупі жағдайында.

Ескерткіш монетаны «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монетаның дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш күміс монета коллекциялық құны бойынша сатуға арналған.

Олар кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында, Алматы қаласында мына мекенжай бойынша сатып алуға болады: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны (727) 273-83-98.

*Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39
E-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 43 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2013 жылғы 13 қараша**

«Республика игілігі» монеталар сериясынан «Алма отаны» ескерткіш күміс монетасын айналысқа шығару туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2013 жылғы 8 қарашадан бастап **«Республика игілігі» монеталар сериясынан** номиналы 500 теңгелік, «proof» сапасымен алтын жалатылған **«Алма отаны» ескерткіш күміс монетасын** айналысқа шығару туралы хабарлайды.

«Алма отаны» ескерткіш күміс монетасының бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде, күңгірттелген бетінде алма ағаштарының қолайлы өсу орнын білдіретін, таулы жерге тамырын жайған жемісті алма ағашының стильдендірілген бейнесі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің логотипі бейнеленген. Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ», монетаның номиналын білдіретін «500 ТЕҢГЕ» және ағылшын тілінде «REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген жазу орналасқан. Жазбалар нүктелермен бөлінген.



Монетаның сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде жылтыраған бетінде дәл сондай, алтын жалатылған (піскен) алмалары бар жемісті алма ағашының бейнесі және Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі орналасқан. Айналысқа мемлекеттік тілде «АЛМА ОТАНЫ» деген жазу, соғылған жылын білдіретін «2013» деген сан, ағылшын тілінде «HOMELAND OF APPLES» және монета дайындалған металды, оның сынамын және массасын білдіретін «Ag 925 31,1 g.» деген жазу бар. Жазулар мен сан нүктелермен бөлінген.

Монетаның бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазбалар бедерленген. Айналысқа шығыңқы жиек.

Монета 925 сынамды күмістен жасалған, массасы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61мм, дайындау сапасы – «proof», таралымы - 7 мың дана, қыры (гурты) бедерлі.

Номиналы 500 теңгелік ескерткіш монета Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің түсіндірмесі

«Алма отаны» монетасы монетаның үстіне алтын жалату технологиясы қолданыла отырып дайындалған.

«Қазақстан – ғаламшардағы алманың отаны» - біздің «жабайы» алма мен оның басқа да сұрыптарының ДНҚ-сын зерттеген Оксфордтың британдық ғалымдары осындай қорытындыға келді. АҚШ, Канада және басқа елдердің ғалымдарымен бірлесіп олар әлемдегі кеңінен танымал сұрыптардың көпшілігінің негізінде қазақстандық жабайы алма гендерінің бар екендігін дәлелді. Қазақстанның оңтүстігіндегі және оңтүстік шығысындағы жабайы жидекті ормандар осы геноқордың табиғи сақталған орны болып табылады.

Ескерткіш монетаны «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монетаның дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193

Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш күміс монета коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында, Алматы қаласында мына мекенжай бойынша сатып алуға болады: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны (727) 273-83-98.

*Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39
E-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 44 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2013 жылғы 15 қараша**

Қаржы нарығындағы ахуал туралы

1. Инфляция

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша 2013 жылғы қазанда инфляция 0,3% (2012 жылғы қазанда – 0,7%) деңгейінде қалыптасты. Азық-түлік тауарларының бағасы 0,2% (0,6%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,4% (0,6%) өсті. Ақылы қызмет көрсету тарифтері 0,2% (0,9%) өсті.

Азық-түлік тауарлары нарығында 2013 жылғы қазанда көп дәрежеде жұмыртқа 8,6%, сүт өнімдері – 0,9%, нан және макарон өнімдері – 0,6%, балық және теңіз өнімдері – 0,6%, күріш – 0,3%, ет және ет өнімдері – 0,2% қымбаттады. Бұдан басқа темекі бұйымдарының бағасы 3,3% өсті. Жемістер мен көкөністер бағасының 3,0%, оның ішінде пияз – 8,4%, картоп – 7,4%, сәбіз – 6,6%, сондай-ақ қант – 0,2%, жарма – 0,6% төмендегені тіркелді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында сырт киімнің бағасы 0,4%, маталар – 0,8%, тұрмыстық үй заттары – 0,2%, дәрі-дәрмектер – 0,2% көтерілді. Бензиннің құны 1,8%-ға, дизель отыны 0,5%-ға көтерілді


Ақылы қызмет көрсету тобында тұрғын үй-коммуналдық саладағы қызметке ақы төлеу 0,2%-ға өсті. құны 1,4%, тұрғын үйді ұстау – 0,8% қымбаттады. Бұдан басқа, өткен айда білім беру бағасы 4,1%, оның ішінде жоғары – 6,1%, орта – 2,9% көтерілді, сондай-ақ медициналық қызмет көрсету 3,1% қымбаттады. Көлік қызметінің құны 0,2%, оның ішінде, теміржол көлігі – 1,5%, әуе көлігі қызметі – 0,2% төмендеді.

Бұл ретте суық су тарифтері 1,0%, кәріз – 0,9%, қоқыс жинау – 0,5%, тұрғын үйді жалға алу – 1,4% өсті. Электр энергиясы үшін тарифтер 0,2%, орталық жылыту – 0,1% төмендеді. Бұдан басқа, 2013 жылғы қазанда медициналық қызмет көрсету бағасы 0,3%, мейрамханалар мен қонақүйлердің қызметі – 0,3% өсті, көлік қызметі 0,1% арзандады.

2013 жылғы қаңтар-қазанда инфляция 3,6% (2012 жылғы қаңтар-қазанда – 4,6%) болды. Азық-түлік тауарлары 2013 жылдың басынан 1,8% (3,8%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 2,2% (2,8%), ақылы қызмет көрсету – 7,1% (7,5%) қымбаттады (1-график).

1-график

2012 және 2013 жж. қаңтар-қазандағы инфляция және оның құрамдас бөліктері



2013 жылғы қазанда инфляция жылдық көрсетуде 4,9% (2012 жылғы желтоқсанда – 6,0%) болды. Азық-түлік тауарлары соңғы 12 айда 3,3% (5,3%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 2,9% (3,5%), ақылы қызмет көрсету – 8,9% (9,3%) қымбаттады.

2. Төлем балансы (алдын ала нәтиже)

Төлем балансының алдын ала бағалауы бойынша ағымдағы жылғы профицит 2013 жылғы 9 айда 2012 жылғы 9 айдың осындай көрсеткішімен салыстырғанда 3,5 млрд. АҚШ долларынан 153 млн. АҚШ долларына дейін қысқарды.

Ағымдағы операциялар шотының нашарлауы сауда балансының оң сальдосының үнемі қысқаруымен байланысты. Тауарлар экспорты 7,0%-ға ұлғайған және олардың импорты 6,2%-ға ұлғайған кезде сауда балансының профициті 21,0%-ға 25,1 млрд. АҚШ долл. (2012 жылғы 9 айда 31,8 млрд. АҚШ долл.) дейін төмендеді. Brent сұрыпты мұнайдың орташа әлемдік бағасының ағымдағы жылғы 9 айдағы деңгейі бір баррель үшін 108,7 АҚШ долл. құрады, бұл оның 2012 жылғы 9 айдағы деңгейінен 3,4%-ға аз (бір баррель үшін 112,5 АҚШ долл.).

Бастапқы кірістердің 18,6 млрд. АҚШ долл. болатын теріс сальдосы, көбіне, резидент еместерге тікелей инвестициялардан түскен кірістерді төлеудің 2012 жылғы 9 айдағы 19,2 млрд. АҚШ долларынан 2013 жылғы 9 айда 16,8 млрд. АҚШ долларына дейін қысқаруы (12,1%-ға) есебінен 14,6%-ға қысқарды. Ағымдағы шоттың қалған құрамдас бөліктері бойынша халықаралық қызметтердің және қосалқы кірістердің теріс дисбалансы тиісінше 5,2 млрд. АҚШ долл. және 1,1 млрд. АҚШ долл. құрады.

Алдын ала бағалау бойынша қаржылық шот (резервтік активтерді есептемегенде) 1,0 млрд. АҚШ долл. болатын тапшылықпен қалыптасты (2012 жылғы 9 айдағы оң сальдо 0,5 млрд. АҚШ долл.).

Шетелдік таза инвестициялар бойынша міндеттемелерді таза қабылдау 6,6 млрд. АҚШ долл., ал қаржы активтерін таза иелену 1,4 млрд. АҚШ долл. құрады. Нәтижесінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша теріс дисбаланс 2012 жылғы 9 айдағы 10,7 млрд. АҚШ долларынан 5,2 млрд. АҚШ долларына дейін төмендеді.

Портфельдік инвестициялар бойынша оң сальдо портфельдік инвестициялар бойынша активтер өсімінің олар бойынша міндеттемелер өсімінен асып кетуі салдарынан 2,5 млрд. АҚШ долл. құрады. 5,4 млрд. АҚШ долл. болатын активтерді таза сатып алу (активтердің өсімі) Ұлттық қордың шетелдік активтерін 4,7 млрд. АҚШ долл. өсірумен, сондай-ақ банктердің портфелінде резидент еместер шығарған борыштық бағалы қағаздардың 0,6 млрд. АҚШ долл. ұлғаюымен қамтамасыз етілді. Портфельдік инвестициялар бойынша 2,9 млрд. АҚШ долл. болатын міндеттемелерді таза қабылдау (міндеттемелердің өсімі) банктік емес сектор кәсіпорындарының 4,1 млрд. АҚШ долл. сомасына жаңадан борыштық бағалы қағаздарды шығаруымен және 1,4 млрд. АҚШ долл. мөлшеріндегі бұрын шығарылған ұзақ мерзімді облигацияларды өтеумен байланысты болды.

Банктердің операциялары бойынша 4,3 млрд. АҚШ долл. болатын оң баланс қалыптасты. Бұл ретте банктердің сыртқы активтерінің 2013 жылғы 9 айда 2,2 млрд. АҚШ долл. құраған өсімі (қаржы активтерін таза иелену), көбіне, банктердің шетелдік шоттардағы активтерінің ұлғаюымен байланысты. Банктердің сыртқы міндеттемелері (міндеттемелерді таза қабылдау), негізінен, несиелер мен қарыздар бойынша міндеттемелерді өтеу есебінен 2,0 млрд. АҚШ долл. қысқарды.

3. Халықаралық резервтер мен ақша агрегаттары

2013 жылғы қазанда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері азайды. Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 23,7 млрд. АҚШ долл. дейін 1,9%-ға азайды (жыл басынан бері 16,2%-ға төмендеді). Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2,0%-ға азайып, 23,2 млрд. АҚШ долл. құрады (жыл басынан бері 16,2%-ға төмендеді). Ішкі валюта нарығында валютаны сату, Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету, Ұлттық қордың активтерін толықтыру, банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың ұлғаюымен және Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның келіп түсуімен ішінара бейтараптандырылды. Нәтижесінде 2013 жылғы қазанда таза валюта қорлары (ЕАВ) 3,2%-ға төмендеді, алтындағы активтер оның әлемдік нарықтарда бағасының шамалы төмендеуі салдарынан 1,6%-ға өсті.

2013 жылғы қазанда елдің халықаралық резервтері, жалпы алғанда, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 68,7 млрд. АҚШ долл.) 92,4 млрд. АҚШ долларына дейін 1,8%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 7,3%-ға өсті).

2013 жылғы қазанда ақша базасы 0,2%-ға тарылып, 2776,3 млрд. теңге болды (жыл басынан бері 3,9%-ға тарылды). Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 2745,3 млрд. теңгеге дейін 0,3%-ға тарылды.

2013 жылғы қыркүйекте ақша массасы 11558,3 млрд. теңгеге дейін 1,8%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 9,8%-ға өсті), айналыстағы қолма-қол ақшаның көлемі 1453,6 млрд. теңгеге дейін 1,0%-ға төмендеді (жыл басынан бері 4,9%-ға төмендеді), банк жүйесіндегі депозиттер 10104,7 млрд. теңгеге дейін 2,2%-ға өсті (жыл басынан бері 12,3%-ға өсті). Ақша массасының құрылымындағы депозиттердің үлесі айналыстағы қолма-қол ақша көлемінің қысқаруы аясында депозиттер көлемінің өсуі салдарынан 2012 жылғы желтоқсандағы 85,5%-дан 2013 жылғы қыркүйекте 87,4%-ға дейін ұлғайды.

Ақша мультипликаторы 2013 жылғы қаңтар-қыркүйекте тіркелген ақша базасының тарылу аясында ақша массасының өсуі салдарынан 2012 жылғы желтоқсандағы 3,64-тен 2013 жылғы қыркүйектің қорытындысы бойынша 4,15-ге дейін өсті.

4. Валюта нарығы

2013 жылғы қазанда теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 153,52–154,4 теңге аралығында өзгерді. Айдың соңында теңгенің биржалық бағамы бір айда 0,3%-ға төмендеп (жыл басынан –2,3% әлсіреу), бір АҚШ доллары үшін 154,23 теңге болды.

2013 жылғы қазанда қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді қоса алғанда, Қазақстан қор биржасындағы биржалық операциялардың көлемі 2013 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 23,3%-ға ұлғайып, 4,8 млрд. АҚШ долл. (жыл басынан бастап – 45,8 млрд. АҚШ долл.) болды. Биржадан тыс валюта нарығында операциялардың көлемі 2,0 млрд. АҚШ долл. дейін 15,3%-ға (жыл басынан бастап – 17,7 млрд. АҚШ долл.) өсті.

Жалпы алғанда, ішкі валюта нарығындағы операциялардың көлемі 2013 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 20,8%-ға ұлғайып, 6,8 млрд. АҚШ долл. (жыл басынан бастап – 63,4 млрд. АҚШ долл.) болды.

5. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2013 жылғы қазанда Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 5 аукцион өткізілді. Онда 12 айлық МЕККАМ (12,8 млрд. теңге), 9 жылдық МЕУКАМ (10,2 млрд. теңге), 10 жылдық МЕУКАМ (11,1 млрд. теңге), 13-жылдық МЕУКАМ (22,0 млрд. теңге), 9 жылдық МЕУЖКАМ (78,9 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік: 12 айлық МЕККАМ бойынша – 3,00%, 9 жылдық МЕУКАМ бойынша – 6,00%, 10 жылдық МЕУКАМ бойынша – 6,44%, 13 жылдық МЕУКАМ бойынша – 6,80%, 9 жылдық МЕУЖКАМ бойынша – инфляция деңгейінен 0,01% құрады.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі алдыңғы аймен салыстырғанда 2,5% ұлғая отырып, 2013 жылғы қазанның аяғында 3386,3 млрд. теңге құрады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары.

2013 жылғы қазанда Ұлттық Банктің 3 айлық ноттарын орналастыру бойынша 1 аукцион өткізілді. Эмиссияның көлемі 2,0 млрд. теңге (тиімді кірістілігі – 2,17%) құрады.

Айналыстағы ноттардың көлемі 2013 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2013 жылғы қазанның аяғында 55,7% қысқарып, 7,3 млрд. теңге құрады.

6. Банкаралық ақша нарығы

2013 жылғы қыркүйекте орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2013 жылғы тамызбен салыстырғанда 11,5%-ға азайып, баламасында 1679,8 млрд. теңге болды.

Теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттердің көлемі 32,4%-ға төмендеді және 103,0 млрд. теңге (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 6,1%) болды. Бұл ретте теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2013 жылғы қыркүйекте 2,26%-дан 1,43%-ға дейін төмендеді.

2013 жылғы қыркүйекте доллармен орналастырылған депозиттердің көлемі 2013 жылғы тамызбен салыстырғанда 20,9%-ға төмендеп, 8,7 млрд. АҚШ долл. (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 79,1%) болды. Доллармен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2013 жылғы қыркүйекте 0,08%-дан 0,13%-ға дейін өсті.

2013 жылғы қыркүйекте еуромен орналастырылған депозиттердің көлемі 2013 жылғы тамызбен салыстырғанда 21 есе өсті және 0,9 млрд. еуро (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 11,1%) болды. Еуромен орналастырылған депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі 2013 жылғы қыркүйекте 0,94%-дан 0,14%-ға дейін төмендеді.

Ресей рублімен орналастырылған депозиттердің көлемі көп емес – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінен тиісінше 3,7%.

Шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі 2013 жылғы қыркүйекте орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінен 92,0%-дан 93,9%-ға дейін өсті. Шетел валютасымен резидент емес банктерде орналастырылған депозиттердің үлесі орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы

көлемінен 91,1%-дан 92,4%-ға дейін өсті.

Ұлттық Банк банктерден тартқан депозиттердің көлемі 2013 жылғы қыркүйекте 2013 жылғы тамызбен салыстырғанда 28,6%-ға азайып, 82,5 млрд. теңге құрады.

7. Депозит нарығы

Депозиттік ұйымдардағы резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі 2013 жылғы қыркүйекте 10104,7 млрд. теңгеге дейін 2,2% -ға артты (жылдың басынан бастап 12,3% өсті). Заңды тұлғалардың депозиттері бір айда 6389,1 млрд. теңгеге дейін 2,9%-ға өсті (жылдың басынан бастап 13,6% өсті), жеке тұлғалардың депозиттері 3715,6 млрд. теңгеге дейін 1,1%-ға ұлғайды (жылдың басынан бастап 10,2% өсті).

2013 жылғы қыркүйекте ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 6328,2 млрд. теңгеге дейін 3,7%-ға өсті (заңды тұлғалардың депозиттері 5,0%-ға өсті, жеке тұлғалардың депозиттері 1,3%-ға өсті), шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 3776,5 млрд. теңгеге дейін 0,23%-ға төмендеді (заңды тұлғалардың депозиттері 1,0% төмендеді, жеке тұлғалардың депозиттері 0,9% өсті). Теңгемен берілген депозиттердің үлес салмағы бір айда 61,7%-дан 62,6%-ға дейін өсті.

Халықтың (резидент еместерді қоса есептегенде) банктердегі салымдары 2013 жылғы қыркүйекте 3749,7 млрд. теңгеге дейін 1,1%-ға ұлғайды (жылдың басынан бері 10,0%-ға өсті). Халық салымдарының құрылымында теңгедегі депозиттер 2101,3 млрд. теңгеге дейін 1,3%-ға ұлғайды, шетел валютасындағы депозиттер 1648,3 млрд. теңгеге дейін 0,8%-ға көтерілді. Халық салымдарының құрамында теңгедегі депозиттердің үлес салмағы бір айда 55,9%-дан 56,0%-ға дейін өсті.

2013 жылғы қыркүйекте мерзімді депозиттер 6933,2 млрд. теңгеге дейін 1,7%-ға ұлғайды. Мерзімді депозиттердің құрамында теңгемен депозиттер 4141,8 млрд. теңгеге дейін 2,0%-ға артты, шетел валютасымен депозиттер 2791,4 млрд. теңгеге дейін 1,4%-ға ұлғайды.

2013 жылғы қыркүйекте банктік емес заңды тұлғалардың теңгемен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 4,4% (2013 жылғы тамызда – 4,4%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 6,3% (6,7%) болды.

8. Кредит нарығы

Банктердің экономиканы кредиттеуінің жалпы көлемі 2013 қыркүйекте 10935,7 млрд. теңгені құрап, 1,4% өсті (жылдың басынан бері өсім 9,8%).

Ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 7694,3 млрд. теңгеге дейін 1,1%-ға ұлғайды (жылдың басынан бері өсім 9,3%), шетел валютасындағы кредит көлемі 3241,4 млрд. теңгеге дейін 2,2%-ға өсті (жылдың басынан бері өсім 11,1%). Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы бір айда 70,6%-дан 70,4%-ға дейін төмендеді.

Ұзақ мерзімді кредиттеу 2013 жылғы қыркүйекте 8908,0 млрд. теңгені құрап, 1,1%-ға көтерілді, қысқа мерзімді кредиттеу 2027,7 млрд. теңгеге дейін 3,0%-ға өсті. Ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы бір айда 81,7%-дан 81,5%-ға дейін төмендеді.

Заңды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 2013 жылғы қыркүйекте 7487,4 млрд. теңгеге дейін 1,0%-ға артты, жеке тұлғаларға кредиттер 3448,3 млрд. теңгеге дейін 2,3%-ға ұлғайды. Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы бір айда 31,3%-дан 31,5%-ға дейін өсті.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2013 жылғы қыркүйекте 1384,3 млрд. теңгеге дейін 5,4%-ға төмендеді (жылдың басынан бастап төмендеу 2,0%), бұл экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінің 12,7%-ын құрайды.

Салалар бойынша банктердің экономикаға берілген кредиттерінің анағұрлым айтарлықтай сомасы сауда (жалпы көлемдегі үлесі – 19,7%), құрылыс (12,8%), өнеркәсіп (11,5%), көлік (3,4%) және ауыл шаруашылығы (3,2%) сияқты салаларға тиесілі.

2013 жылғы қыркүйекте банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 10,5% (2013 жылғы тамызда – 10,9%), жеке тұлғаларға – 19,6% (20,1%) болды.

2013 жылғы шетел валюталарының ресми айырбастау бағамдары


	01.11	02-04.11	05.11	06.11	07.11	08.11	09-11.11	12.11	13.11	14.11	15.11
Австралия доллары	146,49	146,14	146,51	145,95	146,34	145,79	145,37	143,69	142,98	142,12	142,53
Ағылшын фунт стерл.	247,15	246,94	246,02	245,97	247,32	247,1	247,13	245,38	244,37	243,25	245,42
Белорусь рублі	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02
БРАЗИЛИЯ РЕАЛЫ	70,64	69,02	68,4	68,68	67,38	67,26	66,62	66,17	65,78	65,63	65,65
венгер форинті	0,72	0,71	0,71	0,7	0,7	0,7	0,7	0,69	0,69	0,69	0,69
1 Гонконг доллары	19,89	19,9	19,91	19,88	19,84	19,82	19,82	19,76	19,77	19,75	19,74
дат кронасы	28,35	28	27,96	27,86	27,84	27,86	27,64	27,5	27,52	27,59	27,62
БАӘ дирхамы	41,99	42	42,02	41,95	41,87	41,84	41,82	41,71	41,73	41,69	41,68
АҚШ доллары	154,23	154,25	154,34	154,09	153,77	153,66	153,6	153,2	153,26	153,11	153,08
Еуро	211,42	208,78	208,5	207,77	207,62	207,78	206,09	205,04	205,2	205,67	205,95
Канада доллары	147,48	148,02	148,23	147,48	147,26	147,55	146,9	146,36	146,03	146,11	146,11
қытай юані	25,31	25,29	25,31	25,27	25,24	25,23	25,22	25,15	25,16	25,13	25,13
Кувейт динары	547,11	546,99	545,95	544,49	543,55	543,93	542,76	540,96	540,98	540,26	540,73
қырғыз сомы	3,18	3,18	3,18	3,18	3,22	3,16	3,16	3,15	3,15	3,15	3,14
Латвия латы	301,11	297,38	296,98	296,04	295,83	296,01	293,41	292,09	292,2	292,92	293,2
Литва литі	61,25	60,48	60,41	60,19	60,16	60,2	59,69	59,39	59,44	59,57	59,65
Малайзия ринггиті	48,9	48,64	48,65	48,59	48,36	48,28	48,32	47,88	47,76	47,7	47,78
Молдова лейі	12,05	12,02	12,02	12	12,19	11,97	11,93	11,9	11,9	11,91	11,9
Норвег кронасы	26,13	25,96	25,9	25,8	25,79	25,73	25,29	24,96	24,7	24,71	24,69
Польша злотыйы	50,63	50,02	49,92	49,71	49,73	49,85	49,25	48,88	48,77	48,95	49,12
Сауд Аравиясының риялы	41,12	41,13	41,16	41,09	41,01	40,97	40,96	40,85	40,87	40,83	40,82
Ресей рублі	4,81	4,79	4,77	4,76	4,73	4,75	4,72	4,69	4,67	4,66	4,68
СДР	238,05	237,24	236,42	235,96	235,58	235,51	235,38	234,29	233,92	233,31	233,66
Сингапур доллары	124,61	124,16	124,23	124,01	123,78	123,71	123,55	122,74	122,7	122,54	122,74
тәжік сомони	32,32	32,32	32,83	32,29	32,71	32,94	32,19	32,35	32,12	32,09	32,08
1 түрік лирасы	77,46	77,24	76,56	76,13	75,92	75,61	75,67	75,38	74,8	74,44	74,9
өзбек сумы	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07
украин гривнасы	18,85	18,85	18,83	18,79	18,79	18,8	18,73	18,69	18,7	18,69	18,72
Чех кронасы	8,22	8,09	8,08	8,05	8,06	8,06	7,65	7,58	7,6	7,62	7,61
Швед кронасы	24,05	23,72	23,69	23,6	23,68	23,7	23,37	23,27	23,09	22,97	22,91
Швейцар франкі	171,5	169,58	169,36	168,92	168,76	168,51	167,63	166,41	166,42	166,95	167,04
Оңтүстік Африка ранды	15,56	15,35	15,21	15,12	15,07	15,02	14,99	14,83	14,77	14,85	14,92
100 Оңтүстік Корея вонасы	14,55	14,54	14,52	14,53	14,49	14,48	14,43	14,3	14,28	14,27	14,34
1 жапон йенасы	1,57	1,57	1,57	1,57	1,56	1,56	1,56	1,55	1,54	1,54	1,53

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

1. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

	Кезең соңындағы ресми бағам	Кезеңдегі орташа алынған биржалық бағам, кезең үшін		Қазақстан қор биржасының сауда- саттық көлемі
12.10-18.10	153,91	153,76	-0,33	624,75
21.10-25.10	153,78	153,77	0,00	853,50
28.10-01.11	154,23	154,27	0,33	1 014,10
28.10.2013	153,80	154,09	0,19	121,85
29.10.2013	154,09	154,37	0,18	226,20
30.10.2013	154,37	154,33	-0,03	246,15
31.10.2013	154,33	154,23	-0,06	206,65
01.11.2013	154,23	154,25	0,01	213,25
04.11-08.11	154,09	153,81	-0,30	1 141,15
04.11.2013	154,25	154,34	154,15	122,30
05.11.2013	154,34	154,09	154,27	171,90
06.11.2013	154,09	153,77	154,35	261,75
07.11.2013	153,77	153,66	154,28	291,90
08.11.2013	153,66	153,60	154,40	293,30

* - өткен кезеңге өзгерістер




2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығы

	сұраныстың ұсыныстан артуы, есе	сұраныстың қанағаттандырылуы, %	кезеңдегі орташа тиімді түсімділік, %	қанағаттандырылған сұраныс көлемі млрд. теңге
Қаржы министрлігінің МБҚ				
02.09-06.09	0,13	100	4,04	2,0
09.09-13.09	0,52	100	6,00	7,8
16.09-20.09	0,29	68,66	6,11	6,0
23.09-27.09	0,16	91,17	6,56	1,8
30.09-04.10	1,83	87,13	3,00	12,8
07.10-11.10	0,60	91,98	6,44	11,0
14.10-18.10	0,61	80,26	6,80	22,0
21.10-25.10	0,43	79,68	6,00	10,2
28.10-01.11	1,46	90,30	Инф+0,01	78,9
04.11-08.11	0,59	69,18	5,00	6,1
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары				
02.09-06.09	-	-	-	-
09.09-13.09	-	-	-	-
16.09-20.09	-	-	-	-
23.09-27.09	-	-	-	-
30.09-04.10	0,20	100	2,15	2,0
07.10-11.10	-	-	-	-
14.10-18.10	-	-	-	-
21.10-25.10	-	-	-	-
28.10-01.11	-	-	-	-
04.11-08.11	-	-	-	-

Теңгемен номинирленген МБҚ нарығы




Айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар (дисконтталған құны бойынша)

	Көлемі, млн. теңге				
	Барлығы	оның ішінде Қаржыминінің МБҚ			оның ішінде ҚҰБ ноттары
		ұзақ мерзімді	орташа мерзімді	қысқа мерзімді	
23.08.13	3 243 248,29	2 466 280,11	639 307,24	104 113,66	33 547,29
29.08.13	3 243 745,79	2 466 280,11	639 307,24	104 113,66	34 044,79
06.09.13	3 245 740,65	2 466 280,11	641 302,10	104 113,66	34 044,79
13.09.13	3 252 529,70	2 473 069,16	641 302,10	104 113,66	34 044,79
20.09.13	3 257 272,26	2 477 811,72	641 302,10	104 113,66	34 044,79
27.09.13	3 241 462,29	2 479 661,89	641 302,10	104 113,66	16 384,65
04.10.13	3 321 436,30	2 559 661,89	641 302,10	109 080,56	11 391,75
11.10.13	3 331 489,59	2 570 712,58	641 302,10	109 080,56	10 394,35
18.10.13	3 291 916,53	2 570 712,58	602 726,43	109 080,56	9 396,95
25.10.13	3 321 991,62	2 602 921,77	602 726,43	109 080,56	7 262,86
01.11.13	3 392 071,13	2 681 783,92	595 436,43	109 080,56	5 770,21
08.11.13	3 397 225,85	2 687 933,74	595 436,43	109 080,56	4 775,11

3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕУРОНОТТАР НАРЫҒЫ


	2003 ж. шығарылым
Шығару кезіндегі кірістілік	7,637
04.11.2013	4,567
05.11.2013	23,667
06.11.2013	23,667
07.11.2013	4,552
08.11.2013	7,118
<i>эмиссия басынан бері</i>	-0,519
<i>апта ішінде</i>	2,551




4. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

	БААЖ			БТЖ		
	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі %	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі %
28.10-01.11	271,1	3 340,4	4,2	434,2	115,5	2,1
04.11-08.11	270,4	3 517,3	5,3	400,1	95,1	-17,6

Халықаралық ақша аудару жүйесі




Бөлшек төлемдер жүйесі




5. ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ТАУАР НАРЫҚТАРЫ

Индекс	Тармақтардағы мәні		Өзгеруі	
	01.11.2013	08.11.2013	кезең үшін	2001ж. желтоқсаннан бастап
Dow Jones	15 615,55	15 761,78	0,94%	55,49%
Nikkei 225	14 201,57	14 086,80	-0,81%	33,62%
DAX	9 007,83	9 078,28	0,78%	75,93%
FTSE	6 734,74	6 708,42	-0,39%	29,04%
Hang Seng	23 249,79	22 744,39	-2,17%	98,96%



Бағам	Мәні		Өзгеруі	
	01.11.2013	08.11.2013	кезең ішінде	2011 жылғы желтоқсаннан бастап
USD/JPY	98,67	99,05	0,39%	-24,45%
GBP/USD	1,5926	1,6017	0,57%	10,36%
EUR/USD	1,3487	1,3367	-0,89%	50,95%
USD/RUR	32,08	32,45	1,17%	6,41%



Тауарлар	Өлшем бірлігі	Бағасы, АҚШ долл.		Өзгеруі	
		01.11.2013	08.11.2013	кезең үшін	2001 жылғы жел. бастап.
алтын	тр.ун.	1316,2	1288,6	-2,10%	365,79%
мыс	метр.тонна	7 236,5	7 166,3	-0,97%	390,69%
мырыш	метр.тонна	1 906,3	1 872,8	-1,76%	142,74%
мұнай	баррель	105,70	104,43	-1,20%	414,43%




6. БАНКАРАЛЫҚ АҚША НАРЫҒЫ

Екінші деңгейдегі банктердің қысқа мерзімді банкаралық депозиттері бойынша мәліметтер

	Резидент банктер				Резидент емес банктер			
	1 айға дейін		1 айдан астам		1 айға дейін		1 айдан астам	
	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)
14.10.13-18.10.13								
KZT	21 270 000	0,97	0	0,00	380 000	7	0	0,00
USD	25 000	0,29	0	0,00	1 635 680	0,09	29 423	0,16
EURO	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	2 397 330	5,74	0	0,00
21.10.13-25.10.13								
KZT	16 150 000	0,86	500 000	9,80	0	0	0	0,00
USD	85 000	0,20	298	0,00	2 374 727	0,06	34 400	0,56
EURO	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	2 390 700	5,62	0	0,00
28.10.13-01.11.13								
KZT	30 100 000	1,14	0	0,00	0	0	0	0,00
USD	62 000	0,36	0	0,00	1 797 325	0,07	172	6,78
EURO	0	0,00	0	0,00	3 000	0,70	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	1 269 800	5,82	0	0,00
04.11.13-08.11.13								
KZT	32 200 000	0,75	1 000 000	8,00	1 620 000	2	0	0,00
USD	64 500	1,43	0	0,00	1 546 797	0,07	24 864	0,13
EURO	300	0,70	0	0,00	3 000	0,70	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	2 161 000	5,10	0	0,00


*- валюта мың бірлігі



Биржадан тыс банкаралық валюталық операциялар (сату)

Кезеңдер, валютаның түрлері	Мәмілелердің жалпы көлемі (валюта мың бірлігі)	оның ішінде резидент банктер		Орташа алынған мәміле бағамы, бір валюта үшін теңгемен	оның ішінде: резидент банктер
		(валюта мың бірлігі)	%*		
14.10.13-18.10.13					
USD	357 440	225 100	63,0	153,75	153,78
RUB	24 500	24 500	100,0	4,80	4,80
EUR	6 155	6 155	100,0	209,04	209,04
21.10.13-25.10.13					
USD	613 883	382 701	62,3	153,79	153,80
RUB	46 000	46 000	100,0	4,84	4,84
EUR	7 160	7 160	100,0	211,81	211,81
28.10.13-01.11.13					
USD	424 309	191 720	45,2	154,29	154,29
RUB	105 200	105 200	100,0	4,82	4,82
EUR	12 345	12 115	98,1	211,89	211,87
04.11.13-08.11.13					
USD	553 010	195 640	35,4	153,85	153,72
RUB	42 660	42 500	99,6	4,76	4,76
EUR	6 732	6 712	99,7	207,78	207,78


* резидент банктер мәмілелерінің жалпы мәмілелер көлеміне үлес салмағы



Экономиканың нақты секторындағы экономикалық конъюнктураның, инвестициялық климаттың және қаржы-экономикалық жай-күйінің өзгеруі 2013 ж. 3-тоқсанда (нақты) және 2013ж. 4-тоқсанда (күтулер)


I. Шаруашылық жүргізудің жалпы жағдайының және олардың факторларының конъюнктурасы

1.1. Валюта бағамының ықпалы



2013ж. 3-тоқ. тенгенің АҚШ долларына, еуроға және ресей рубліне бағамының өзгеруінен шаруашылық қызметке теріс әсерін бастан кешірген кәсіпорындардың үлесі айтарлықтай ұлғайды (тиісінше 19,3%, 14,5% және 13,1%-ға дейін). Кәсіпорындардың көпшілігі тенгенің осы валюталарға бағамының шаруашылық қызметке әсерін байқаған жоқ (тиісінше 56,9%, 61,9% және 62,1%).


1.2. Айналым қаражатын қаржыландыру көздерін бағалау



2013ж. 3-тоқ. банктердің кредитін айналым қаражатын толықтыру үшін пайдаланған кәсіпорындар саны төмендеді (17,1%-ға дейін). Кәсіпорындардың көпшілігі (81,9%) осы мақсатқа меншік қаражатын пайдаланады.

1.3. Инвестицияларды қаржыландыру көздерін бағалау

2013ж. 3-тоқ. кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі үлғайды. Инвестицияларды қаржыландырмаған кәсіпорындардың үлесі төмендеді (34,1%-ға дейін). Кәсіпорындар инвестицияларды негізінен өз меншікті қаражаты есебінен қаржыландырды (60,6%-ға дейін). Кредиттерді осы мақсатқа пайдалану аздап төмендеді.




* 9-беттегі әдіснамалық түсінікті қараңыз

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

II. Банк жүйесінің экономиканың нақты секторына ықпалы


2.1. Ағымдағы тоқсанда кредит алуға ниет білдіргендер

Кәсіпорындардың банктердің кредиттеріне қажеттілігі тұтастай алғанда экономика бойынша аздап төмендеді: кредит алуға ниет білдіргендер үлесі 2013ж. 4-тоқ. 22,9% болды (2013ж. 3-тоқ. 23,5% болды). Өңдеу өнеркәсібіндегі қажеттілік айтарлықтай жоғары болып қалып отыр – 28,4%, мұнда өндіру саласы – 19,6% болды.





2.2. Кәсіпорындардың банк кредиттеріне қажеттілігін қанағаттандыру дәрежесі

2013ж. 3-тоқ. банктерден кредит үшін өтінім берген (2-тоқ. 26,4%-дан 24%-ға дейін) және кредит алған кәсіпорындардың үлесі төмендеді (2013 ж. 2-тоқ. 22,1%-дан 20%-ға дейін).



2.3. Кредиттеу талаптары:




2013ж. 3-тоқ. теңгемен кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме өзгерген жоқ (12,1%), ал шетел валютасымен аздап ұлғайды (10% дейін). Кәсіпорындар үшін қолданылатын теңгемен кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлеме 8,7% құрады, шетел валютасымен - 6,9%. Шетел валютасымен кредит ұсынудың орташа мерзімі айтарлықтай төмендеді (2013 ж. 2-тоқ. 28,2 айдан бастап 26,5 айға дейін).

* 9-беттегі әдіснамалық түсінікті қараңыз

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


2.4 Кәсіпорындар үшін банктер кредиттерінің қол жетімділігі




Кредиттердің қол жетімділігі аздап жақсарды. 2013 жылғы 3-тоқсанда кредит үшін банкке етініш берген және кредит ала алмаған ірі кәсіпорының үлесі 4,0%-ға дейін (2013 ж. 2-тоқ. 4,6%-бастап) төмендеді. Шағын және орта кәсіпорындар бойынша көрсеткіш 4,1% дейін төмендеді (2013 ж. 2-тоқ. 4,3%-дан бастап).

2.5. Кәсіпорындардың банктердің кредиттері бойынша берешегі

2013 жылғы 3-тоқсанда кредиттер бойынша берешегі бар кәсіпорындардың үлесі аздап төмендеді (37,7% дейін). Берешектің үлкен бөлігі өнеркәсіптік кәсіпорынға (14,9%), саудаға (9,3%) және құрылысқа (4,7%) келеді.



2013 жылғы 3-тоқсанда кредиттер бойынша берешегі өзгермеген кәсіпорындардың үлесі (28,6%-ға дейін) және кредиттер бойынша берешегі өскен кәсіпорындардың үлесі (3,2%-ға дейін) азайды. Бұл ретте берешегі төмендеген кәсіпорындардың үлесі ұлғайды (6% дейін).




* 9-беттегі әдіснамалық түсінікті қараңыз

III. Дайын өнімге, шикізатқа және материалдарға сұраныстың және бағаның өзгеруін бағалау

3.1. Кәсіпорындардың дайын өніміне сұраныс конъюнктурасы (ДӨ)

Дайын өнімге сұраныстың деңгейін өткен тоқсанмен салыстыру

№	Кәсіпорындардың жауаптары, %	2013			
		4-тоқ.	1-тоқ.	2-тоқ.	3-тоқ.
1	Ұлғаюы	24,6	17,6	24,6	22,0
2	Өзгермеуі	54,3	58,1	56,9	60,0
3	Төмендеуі	21,0	24,3	18,5	17,8
4	1 жол -3 жол	3,6	-6,6	6,1	4,2
5	ДӨ сұраныстың өзгеруінің диффузиялық индексі *	51,8	46,7	53,1	52,1
					6,2
					53,1




2013ж.3-тоқ. кәсіпорындардың дайын өніміне сұраныс төмендеу аясынан өтті, мұны диффузиялық индекс (ДИ) растайды, ол 52,1 деңгейге дейін (2013ж. 2-тоқ. 53,1-дан) төмендеді. 2013ж. 4-тоқ. экономиканың барлық секторлары бойынша сұраныстың өсуінің аздап жылдамауы күтіледі.

3.2. Кәсіпорындардың дайын өнімінің бағасының өзгеруі

Дайын өнім бағасының деңгейін өткен тоқсанмен салыстыру

№	Кәсіпорындардың жауаптары, %	2013			
		4-тоқ.	1-тоқ.	2-тоқ.	3-тоқ.
1	Ұлғаюы	21,1	20,7	14,1	15,7
2	Өзгермеуі	72,9	73,3	77,8	76,6
					64,2



3	Төмендеуі	6,0	8,0	7,5	3,0
4	1 жол - 3 жол	15,1	6,2	8,2	10,9
5	ДӨ сұраныстың өзгеруінің диффузиялық индексі *	57,5	57,4	53,1	55,5

2013ж. 3-тоқсанда тұтыну тауарлары мен қызметтерке баға баяу түрде өсуі жалғасты. ДИ 52,1 белгісіне дейін төмендеді (2013 ж. 2-тоқ. 52,5). 2013 ж. 4-тоқсанда баға қалыптыға дейін өсуінің жылдамауы күтіледі: ДИ 55,5 болды.


* 9-беттегі әдіснамалық түсінікті қараңыз

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

3.3. Кәсіпорындар сатып алған шикізат пен материалдар (Ш жәнеМ) бағасының өзгеруі

Шикізат пен материалдар бағасының деңгейін өткен тоқсандағы жағдаймен салыстыру


№	Кәсіпорындардың жауаптары, %	2013			2013		
		4-тоқ.	3-тоқ.	2-тоқ.	1-тоқ.	4-тоқ.	3-тоқ.
1	Ұлғаюы	48,6	48,9	39,9	40,2	34,0	35,8
2	Өзгермеуі	48,2	49,3	57,0	56,5	2,8	1,0
3	Төмендеуі	3,2	1,8	3,1	3,1	33,0	66,5
4	1 жол-3 жол	45,5	47,1	36,8	37,3	68,7	66,5
5	Ш жәнеМ бағасы өзгеруінің диффузиялық индексі *	72,7	73,6	68,4	68,7	66,5	66,5



2013ж. 3-тоқсанда шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқыны іс жүзінде өзгерген жоқ: ДИ 68,7 болды (2013 ж. 2-тоқ. – 68,4). Бағаның анағұрлым өсуі - ауыл шаруашылығында. 2013 ж. 4-тоқ. баға өсуінің бәсеңдеуі күтіледі, алайда олардың деңгейі салыстырмалы түрде жоғары болып қалады.

IV. Іскерлік белсенділіктің және қаржы-экономикалық әлуеттің өзгеруі


4.1. Жұмыспен қамтылғандар саны және өндіріс көлемі өзгерістерінің динамикасы (маусымдық-тегістеу қатары негізінде)



2013ж. 3-тоқсанда жұмыспен қамтылғандар саны азайған кәсіпорын үлесі (65,2%-ға дейін) ұлғайды. Өндірістік өнім көлемі ұлғайға не өзгермеген кәсіпорын саны аздап (68,6%-ға дейін) ұлғайды.

4.2. Өтімділікті бағалау

2013ж. 3-тоқсанда кәсіпорынның іскерлік белсенділігі ұлғайды: активтер мен айналым құралдарының айналымдылығы тиісінше 18%-ға және 49,4%-ға дейін ұлғайды. Сонымен қатар активтердегі айналым қаражатының үлесі аздап төмендеді (36,4%-ға дейін).




* 9-беттегі әдіснамалық түсінікті қараңыз

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

4.3. Іскерлік белсенділікті бағалау

2013ж. 3-тоқсанда кәсіпорынның іскерлік белсенділігі ұлғайды: активтер мен айналым құралдарының айналымдылығы тиісінше 18%-ға және 49,4%-ға дейін ұлғайды. Сонымен қатар активтердегі айналым қаражатының үлесі аздап төмендеді (36,4%-ға дейін).




4.4. Сатылған өнімнің рентабельділігін бағалау және талдау

2013ж. 3-тоқсанда нақты сектордың қаржылық жағдайы аздап нашарлады: зиян шеккен және төмен рентабельді кәсіпорын үлесі (2013 ж. 2-тоқсандағы 21,9%-дан 22,4%-ға дейін) ұлғайды.



Нақты сектор бойынша сату рентабельділігі (салық салынғанға дейін) орташа алғанда аздап (39,2% дейін) ұлғайды, бұл ретте өндіруші өнеркәсіпте көрсеткіш аздап (22,6% дейін) ұлғайды, ал өндіруші өнеркәсіпте (62,1% дейін) төмендеді.



* 9-беттегі әдіснамалық түсінікті қараңыз

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2013 жылғы 27 тамыз

№ 209

«Элитстрой Финанс» Ипотекалық ұйым» акционерлік қоғамы туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) ұсынысын қарап, «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 5-4-бабының 4-тармағы 2) тармақшасының, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 48-бабының 1-тармағы 3) тармақшасының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағы 30) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Нормативтік құқықтық актілерді жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп рет) бұзғаны үшін «Элитстрой Финанс» Ипотекалық ұйым» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Ұйым) ұлттық және шетел валютасында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге 2007 жылғы 4 сәуірде берілген № 59 лицензиядан (бұдан әрі – Лицензия) айырылсын.

Ұйым осы қаулының көшірмесін алған күннен бастап лицензия өзінің қолданылуын тоқтатады.

2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

3. Ұйым:

1) осы қаулыны алған күннен бастап он жұмыс күн ішінде Лицензияны Комитетке қайтарсын;

2) осы қаулы қабылданған күннен бастап екі айлық мерзімде Комитетке әділет органдарында атауының өзгеруіне байланысты қайта тіркелуін растайтын құжаттарды және Лицензиядан айыру туралы салық қызметінің органдары хабарламасының көшірмесін ұсынсын.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы

2013 жылғы 27 тамыз

№ 212

*Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне
қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша
өзгерістер енгізу туралы*

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылғы
10 қазанда № 8805 болып тіркелген.*

*Қазақстан Республикасының қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша
өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, жинақтаушы зейнетақы қорының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сенімгерлік басқаруды, сондай-ақ банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, жинақтаушы зейнетақы қорының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның акцияларын сенімгерлік басқару кезеңінде уәкілетті органның не ұлттық басқарушы холдингтің іс-әрекеттерін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы № 32 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7519 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 23 маусымда № 339-345 (27419) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысына не банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы белгілеріне ие тұлғаға тиесілі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сенімгерлік басқаруды, сондай-ақ сенімгерлік басқару кезеңінде уәкілетті органның не ұлттық басқарушы холдингтің іс-әрекеттерін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысына не банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы белгілеріне ие тұлғаға тиесілі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сенімгерлік басқаруды, сондай-ақ сенімгерлік басқару кезеңінде уәкілетті органның не ұлттық басқарушы холдингтің іс-әрекеттерін жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.»;

Көрсетілген қаулымен бекітілген Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сенімгерлік басқаруды, сондай-ақ банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сенімгерлік басқаруы кезеңінде уәкілетті органның не ұлттық басқарушы холдингтің іс-әрекеттерін жүзеге асыру қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысына не банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы белгілеріне ие тұлғаға тиесілі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сенімгерлік басқаруды, сондай-ақ сенімгерлік басқару кезеңінде уәкілетті органның не ұлттық басқарушы холдингтің іс-әрекеттерін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысына не банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы белгілеріне ие тұлғаға тиесілі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сенімгерлік басқаруды, сондай-ақ сенімгерлік басқару кезеңінде уәкілетті органның не ұлттық басқарушы холдингтің іс-әрекеттерін жүзеге асыру

қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы (бұдан әрі – Банктер туралы заң), «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы (бұдан әрі – Сақтандыру туралы заң), «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі (бұдан әрі – Бағалы қағаздар нарығы туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленген және Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысына не банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы белгілеріне ие тұлғаға тиесілі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сенімгерлік басқаруды, сондай-ақ сенімгерлік басқару кезеңінде уәкілетті органның не ұлттық басқарушы холдингінің іс-әрекеттерін жүзеге асыру тәртібін белгілейді.»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) қаржы ұйымы – банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, инвестициялық портфельді басқарушы;

2) қаржы ұйымының акциялары – банктің ірі қатысушысына, банк холдингіне не банктің ірі қатысушысы не банк холдингі белгілеріне ие тұлғаға тиесілі банк акциялары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысына, сақтандыру холдингіне не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингі белгілеріне ие тұлғаға тиесілі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акциялары, ірі қатысушыға не инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілеріне ие инвестициялық портфельді басқарушының акциялары;

3) сенімгерлік басқарушы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) немесе ұлттық басқарушы холдинг.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қаржы ұйымының акцияларын сенімгерлік басқару Банктер туралы заңның 47-1-бабының 3-тармағында, Сақтандыру туралы заңның 53-1-бабының 3-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 72-3-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда және 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) (бұдан әрі – Кодекс) 44-тарауының және Қағидалардың талаптарын ескере отырып, Ұлттық Банктің шешімі негізінде тағайындалады.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Сенімгерлік басқарушы қаржы ұйымының акцияларын сенімгерлік басқару кезеңінде осы акциялардың меншік иесі жасауы мүмкін іс-әрекеттерді жасайды және өз өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

Сенімгерлік басқарушы үшінші тұлғаларға ақпарат ашуды Кодекстің 830-бабына, Банктер туралы заңның 50-бабына, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 43-бабына сәйкес жүзеге асырады.»;

9, 10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Өтінішхат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне мыналарды:

1) Банктер туралы заңның 17-1-бабының, Сақтандыру туралы заңның 26-бабының және Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 72-1-бабының талаптарына сәйкес өтінішхатта көрсетілген тұлғаның (тұлғалардың) қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк холдингі не сақтандыру холдингі) мәртебесін алуы үшін қажетті құжаттар;

2) Банктер туралы заңның 47-1-бабының 2-тармағына, Сақтандыру туралы заңның 53-1-бабының 2-тармағына және Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 72-3-бабының 2-тармағына сәйкес өтінішхатта көрсетілген тұлғаның (тұлғалардың) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарын орындауын растайтын құжаттар;

3) өтінішхат қанағаттандырылған жағдайда оның күшіне енетіні көзделген, қаржы ұйымының сенімгерлік басқаруға берілген акцияларының меншік иесі мен өтінішхатта көрсетілген тұлғаның (тұлғалардың) арасында жасалған сатып алу – сату шарты қоса беріле отырып ұсынылады.

10. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті өтінішхатта көрсетілген акцияларды иеленушілер Банктер туралы заңның 47-1-бабы 2-тармағының, Сақтандыру туралы заңның 53-1-бабы 2-тармағының және Бағалы қағаздар

нарығы туралы заңның 72-3-бабының 2-тармағының талаптарын орындаған жағдайда өтінішхатты қанағаттандырады.

11. Өтінішхат қанағаттандырылған жағдайда және өтінішхатта көрсетілген тұлға (тұлғалар) Ұлттық Банктің қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк немесе сақтандыру холдингі) мәртебесін иеленуге келісімін алғаннан кейін өтінішхатта көрсетілген тұлғаға (тұлғаларға) ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған нарықта қаржы ұйымының акцияларын сату жүзеге асырылады.

Қаржы ұйымының акцияларына ақы төлеу өтінішхатта көрсетілген тұлғаға (тұлғаларға) Банктер туралы заңның 17-1-бабында, Сақтандыру туралы заңның 26-бабында және Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 72-1-бабында көзделген жағдайларда уәкілетті органның қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк немесе сақтандыру холдингі) мәртебесін иеленуге келісімін растайтын құжат жіберілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Сенімгерлік басқарушы өтінішхатта көрсетілген тұлғаның (тұлғалардың) акцияларға ақы төлегенін растайтын құжаттың көшірмесін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей сенімгерлік басқарушы қаржы ұйымының сенімгерлік басқаруға берілген акцияларын олардың меншік иесінің шотынан есептен шығару және көрсетілген тұлғаның (тұлғалардың) шотына (шоттарына) аудару туралы бұйрықты (бұйрықтарды) тіркеушіге (номиналды ұстаушыға) береді.

Егер өтінішхатта көрсетілген тұлғаның (тұлғалардың) акцияларға ақы төлегенін растайтын құжаттың көшірмесі сенімгерлік басқару тағайындалған мерзім аяқталғаннан кейін ұсынылған жағдайда, қаржы ұйымының акцияларын олардың меншік иесінің шотынан есептен шығару және көрсетілген тұлғаның (тұлғалардың) шотына (шоттарына) аудару Ұлттық Банктің немесе ұлттық басқарушы холдингінің бұйрығы (бұйрықтары) негізінде жүзеге асырылады.».

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингінің, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімді беру, беруден бас тарту, қайтарып алу қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 ақпандағы № 67 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7552 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 19 маусымда № 330-335 (27409) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, қайтарып алу қағидаларын және көрсетілген келісім алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптарды бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, қайтарып алу қағидаларын және көрсетілген келісім алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру холдингінің, жинақтаушы зейнетақы қорының немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімді беру, беруден бас тарту, қайтарып алу қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, қайтарып алу қағидаларын және көрсетілген келісім алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар.»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, қайтарып алу қағидаларын және көрсетілген келісім алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы банктер

және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – Банктер туралы Заң) сәйкес, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы (бұдан әрі – Сақтандыру туралы заң), «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі (бұдан әрі – Бағалы қағаздар нарығы туралы заң), «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленген және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы (бұдан әрі – қаржы ұйымының ірі қатысушысы және (немесе) банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі) мәртебесін иеленуге келісім беру, қайтарып алу тәртібін және көрсетілген келісім алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптарды белгілейді.»;

1, 2, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қаржы ұйымының, банк холдингінің ірі қатысушы және қаржы ұйымының бірлескен ірі қатысушысы болып табылатын және бірлескен банк холдингі болып табылатын тұлғалар ұғымдары тиісінше, Банктер туралы заңның 2 және 17-1-баптарында, Сақтандыру туралы заңның 3 және 26-баптарында және Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 72-1-бабында белгіленген.

2. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын тікелей немесе жанама иелену үлестері қаржы ұйымының ірі қатысушысы, банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі орналастырған (артықшылықты және сатып алынғандарды шегере отырып) акцияларының көлеміне тиісінше және (немесе) банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының санына қарай есептеледі.

3. Жеке немесе заңды тұлға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне (бұдан әрі – Комитет) қаржы ұйымының, банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің ірі қатысушы (бұдан әрі – өтініш беруші) мәртебесін иеленуге, жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтерді, заңды мекен-жайы (тұрғылықты жері), сатып алынатын қаржы ұйымы акцияларының саны, олардың құны, сатып алу болжанып отырған қаржы ұйымы акцияларының саны банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының орналастырған (артықшылықты және сатып алынғандарды шегере отырып) акцияларының санына және (немесе) дауыс беретін акцияларының санына тиісінше пайыздық арақатынасы туралы мәліметтерді көрсете отырып, еркін нысанда жасалған өтінішті береді.

Бір мезгілде бірнеше қаржы ұйымының, банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы немесе банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің мәртебесін алатын жағдайда өтініш беруші ірі қатысушысы немесе банк холдингі мәртебесін алуға ниет білдірген қаржы ұйымдарының атауы көрсетілген өтінішті береді.

Өтініште өтініш беруші онымен бірлесіп қаржы ұйымының, банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы болуды болжап отырған тұлғалардың және акцияларды (жарғылық капиталдардағы қатысу үлестері) иеленуді қаржы ұйымының акцияларын жанама иелену арқылы (дауыс беру) жүзеге асыратын тұлғалардың тізімі көрсетіледі.

4. Өтініш беруші өтінішпен бірге Комитетке Банктер туралы заңның 17-1-бабының 4, 5, 6, 7, 7-1 және 12-тармақтарында, Сақтандыру туралы заңның 26-бабының 6, 7, 8, 9 және 10-тармақтарында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 72-1-бабының 4,6, 7, 8, 9 және 10-тармақтарында тиісінше көзделген құжаттар мен мәліметтерді береді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарды қоспағанда, банктің ірі қатысушысы мәртебесін алу үшін уәкілетті органның келісімін ала Банктер туралы заңның 17-1-бабының 5, 6 және 7-тармақтарында көзделген құжаттармен және мәліметтерден басқа, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің, оның ішінде еншілес ұйым қызметіне байланысты тәуекелдерге қатысты жүйелердің бар екенін растайтын құжаттарды табыс етеді.

Бір мезгілде бірнеше қаржы ұйымының, банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін алатын жағдайда өтініш беруші Қағидалардың 5 және 6-тармақтарының талаптарын ескере отырып, Қағидалардың 8, 9, 10 және 11-тармақтарында көзделген тиісті құжаттарды бірыңғай пакетте береді.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Қаржы ұйымының ірі қатысушы, банк холдингі және (немесе) сақтандыру холдингі мәртебесін иелену үшін уәкілетті органның келісімін алғысы келетін Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлға Қағидалардың 4 және 5-тармақтарында көрсетілген құжаттардан басқа:

1) тізбесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілер тізбесінде № 8318 тіркелген) белгілеген халықаралық рейтингтік агенттіктерінің бірінің талап етілетін барынша төмен рейтингінің берілгендігі туралы мәліметтерді қосымша береді;

2) таяу арадағы бес жылға жасалған бизнес-жоспар тиісінше Банктер туралы заңның 17-1-бабының 7-1-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-бабының 10-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 72-1-бабының 10-тармағында көзделген жағдайларда ұсынылады.

Орналастырылған (артықшылықты және сатып алынғандарды шегере отырып) акцияларының жиырма бес және одан да көп пайызын иелену үлесі бар банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге ниет білдірген жеке тұлғалар Қағидалардың 6-тармағының талаптарын ескере отырып бизнес-жоспарды ұсынады.

Орналастырылған (артықшылықты және сатып алынғандарын шегере отырып) акцияларының жиырма бес және одан да көп пайызын иелену үлесі бар инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге ниеттенетін тұлғалар сондай-ақ Қағидалардың 6-тармағының талаптарын ескере отырып бизнес-жоспарды ұсынады.

Қаржы ұйымының ірі қатысушы немесе банк холдингі мәртебесін иелену үшін уәкілетті органның келісімін алғысы келетін Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлғасында көрсетілген рейтингтің бар болуы Банктер туралы заңның 17-1-бабының 1-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-бабының 1-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 72-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда талап етілмейді.

Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-бабының 11-тармағында және Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 72-1-бабының 11-тармағында көзделген жағдайларда, сондай-ақ егер банк конгломератының қатысушысы болып табылатын банктің акцияларын иелену (дауыс беру) салдарынан Қазақстан Республикасының резиденті емес банк қаржы ұйымының ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келген жағдайда, онда осы Қазақстан Республикасының резиденті емес банкке банк холдингінің мәртебесін берумен бір уақытта тиісті қаржы ұйымының ірі қатысушысы мәртебесі беріледі.»;

8-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) таяу арадағы бес жылға жасалған бизнес-жоспар тиісінше Банктер туралы заңның 17-1-бабының 7-1-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-бабының 10-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 72-1-бабының 10-тармағында көзделген жағдайларда ұсынылады;»;

9-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) таяу арадағы бес жылға жасалған бизнес-жоспар тиісінше Банктер туралы заңның 17-1-бабының 7-1-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-бабының 10-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 72-1-бабының 10-тармағында көзделген жағдайларда ұсынылады;»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлға болып табылатын өтініш беруші бір мезгілде бірнеше қаржы ұйымының ірі қатысушысы немесе банк холдингі мәртебесін иеленуге келісім алу үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қағидалардың 8-тармағының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында және 9-тармағының 1), 2), 3), 6), 7), 8), 9), 10) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер мен құжаттар;

2) Банктер туралы заңның 17-1-бабының 1-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-бабының 1-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 72-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган белгілеген тізбедегі халықаралық рейтингтік агенттіктерінің бірі берген заңды тұлғаның кредиттік рейтингісі туралы мәліметтер;

3) таяу арадағы бес жылға жасалған бизнес-жоспар тиісінше Банктер туралы заңның 17-1-бабының 7-1-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-бабының 10-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 72-1-бабының 10-тармағында көзделген жағдайларда ұсынылады;»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Уәкілетті орган қаржы ұйымының ірі қатысушысы немесе банк холдингі мәртебесін иеленуге келісім беруден Банктер туралы заңның 17-1-бабында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-1-бабында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 72-2-бабында көрсетілген негіздемелер бойынша бас тартады.

Өтініш берушіге қаржы ұйымының, банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісімін беру үшін белгіленген мерзімде жазбаша түрде дәлелді жауап беріледі.»;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Уәкілетті орган қаржы ұйымының, банк холдингінің және (немесе) сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге берген келісімін Банктер туралы заңның 17-1-бабында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-бабында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 72-1-бабында көрсетілген негіздемелер бойынша қайтарып алады.

Бұл жағдайда мұндай шара қолданылатын тұлға Банктер туралы заңның 17-1-бабының 15-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-бабының 13-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 72-1-бабының 13-тармағында тиісінше көрсетілген талаптарды сақтаған сәттен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Комитетке растауды береді.»;

1-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, қайтарып алу қағидаларына және көрсетілген келісім алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптарға
1-қосымша»;

2-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, қайтарып алу қағидаларына және көрсетілген келісім алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптарға
2-қосымша»;

3-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктің, банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беру, қайтарып алу қағидаларына және көрсетілген келісім алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптарға
3-қосымша».

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 ақпандағы № 95 қаулысына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7561 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 4 тамызда № 464-470 (27543) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларын және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесін бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидалары және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесі бекітілсін»;

Көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидалары және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесі»;

кіріспе және 1, 2, 3, 4, 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің басшы қызметкерлерін тағайындауға

(сайлауға) келісім беру қағидалары және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесі (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы (бұдан әрі – Банктер туралы заң), «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы (бұдан әрі – Акционерлік қоғамдар туралы заң), «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі (Бағалы қағаздар нарығы туралы заң), «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы (бұдан әрі – Бухгалтерлік есеп туралы заң), «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы (бұдан әрі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленген.

Қағидалар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің (бұдан әрі - уәкілетті орган) банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға үміткер немесе лицензиялары бар заңды тұлғалардың, орталық депозитарий мен бірыңғай тіркеушінің (бұдан әрі - қаржы ұйымы), банк, сақтандыру холдингтерінің (бұдан әрі - холдинг) басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру тәртібін және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесін белгілейді.

Қаржы ұйымдарының, холдингтердің басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру тәртібіне:

- құжаттарды қарау;
- тестілеуден өту үшін шақырумен немесе шақырусыз келісу;
- келісім беру немесе одан бас тарту кіреді.

1. Уәкілетті орган Банктер туралы заңның 20-бабында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабында, Акционерлік қоғамдар туралы заңның 1-бабының 20) тармақшасында, 54-бабының 4-тармақшасында, 59-бабының 2-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 54-бабында, Бухгалтерлік есеп туралы заңның 9-бабында, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 55-бабында және Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келетін қаржы ұйымының, холдингтің басшы қызметкерінің лауазымына кандидатты (бұдан әрі - кандидат) тағайындауға (сайлауға) келісім (бұдан әрі - келісу) береді.

Уәкілетті органмен келісілуге жататын қаржы ұйымдарының, холдингтердің басшы қызметкерлерінің тізбесі Банктер туралы заңның 20-бабының 1 және 12-тармақтарында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабының 1 және 12-тармақтарында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 64-1-бабының 3-тармағында және 79-бабының 1-1-тармағында, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 55-бабының 1-тармағында айқындалады.

2. Осы кандидат бұрын уәкілетті органмен тиісінше осы қаржы ұйымының, холдингтің тиісті лауазымына келісілген жағдайда және осы кандидат Банктер туралы заңның 20-бабында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабында, Акционерлік қоғамдар туралы заңның 1-бабының 20) тармақшасында, 54-бабының 4-тармағында, 59-бабының 2-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 54-бабында, Бухгалтерлік есеп туралы заңның 9-бабында, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 55-бабында және Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда қаржы ұйымы, холдинг уәкілетті органының шешімімен жаңа мерзімге тағайындалған (сайланған) қаржы ұйымының, холдингтің басшы қызметкерін келісу тиіс емес.

Осындай жағдайда қаржы ұйымы, холдинг осы кандидаттың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келуі көрсетілген ілеспе хатпен, басшы қызметкерді тиісті лауазымға жаңа мерзімге тағайындау (сайлау) жөніндегі қаржы ұйымы, холдинг уәкілетті органы шешімінің үзінді-көшірмесінің көшірмесін қоса береді.

Қаржы ұйымының директорлар кеңесі құрамына кіретін уәкілетті органның (және/немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің) өкілі уәкілетті органмен келісілуге тиіс емес.

3. Банктер туралы заңның 20-бабына, Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабына, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 54-бабына, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 55-бабына сәйкес қаржы ұйымының, холдингтің басшы қызметкері лауазымына тағайындау (сайлау) үшін қажетті стажына кандидаттың қаржылық қызмет көрсетуді және (немесе) қаржы ұйымдарының аудитін жүргізу жөніндегі қызметтер ұсыну және (немесе) реттеу және (немесе) бақылау мен қадағалау саласында және (немесе) «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамында істеген жұмысы және (немесе) кандидаттың мынадай халықаралық қаржы ұйымдарында істеген жұмысы кіреді:

- Азия даму банкі;
- Еуразия Даму банкі;
- Еуропа қайта құру және даму банкі;
- Ислам даму банкі;

Халықаралық даму қауымдастығы;
Халықаралық қаржы корпорациясы;
Халықаралық қайта құру және даму банкі;
Халықаралық валюта қоры;
Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық;
Көп салалы инвестицияларға кепілдік беру агенттігі.

4. Қаржы ұйымы, холдинг кандидатты келісуге уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) кандидаттың қаржы ұйымының, холдингтің басшы қызметкерлеріне қойылған талаптарға сәйкес келуі жөнінде, сондай-ақ кандидат туралы мәліметтерді қаржы ұйымы, холдинг құжаттамалық жағынан тексергені жөнінде көрсете отырып, еркін нысанда жасалған өтінішті және оған мыналар қол қояды:

қаржы ұйымының, холдингтің (өтініш берушінің) директорлар кеңесінің бірінші басшысы, ол болмаған жағдайда директорлар кеңесінің шешімі бойынша директорлар кеңесі мүшелерінің біреуі (директорлар кеңесінің осы шешімінің көшірмесін бере отырып), осы құжатқа қол қоюға уәкілетті (қаржы ұйымы, холдинг, ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестігі үшін) сақтандыру брокері акционерлерінің біреуі, қаржы ұйымы, холдинг қатысушыларының біреуі - басқарманың бірінші басшысын тағайындаған (сайлаған) кезде;

қаржы ұйымы, холдинг (өтініш беруші) басқармасының (атқарушы органының) бірінші басшысы (атқарушы органның функцияларын жеке жүзеге асыратын тұлға) не оның міндетін атқарушы тұлға (міндеттерді атқару жүктелгені туралы шешімнің көшірмесін бере отырып);

2) Банктер туралы заңның 20-бабында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 54-бабында, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 55-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келетін қаржы ұйымының, холдингтің басқармасы мүшесінің лауазымына немесе қаржы ұйымының, холдингтің өзге басшысы лауазымына кандидаттың лауазымдық нұсқаулықтың көшірмесінде мыналар қамтылады:

- осы кандидаттың өкілеттігі (тегін, атын, бар болса - әкесінің атын, лауазымын және лауазымдық нұсқаулығымен танысқан күнді және оған қойған қолын көрсетіп);

- осы кандидат жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің атауы және мәселелер тізбесі туралы мәліметтер;

- өз функцияларын жүзеге асыру кезіндегі жауапкершілігі;

3) осындай қаржы ұйымы, холдинг атқарушы органының мүшесі лауазымына кандидат өзге ұйымдарда жұмыс істеген жағдайда, қаржы ұйымы, холдинг – акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің кандидатқа өзге ұйымда жұмыс істеуге келісім беру туралы шешімінің үзінді-көшірмесі;

4) қаржы ұйымы, холдинг уәкілетті органының кандидатты тағайындау (сайлау) туралы шешімінің үзінді-көшірмесі (екі және одан да көп кандидат келісілген кезде – әр кандидатқа шешімнің үзінді-көшірмесінің бір данасын) кандидатты қаржы ұйымының, холдингтің басшы лауазымына тағайындау (сайлау) күнін көрсете отырып.

Тағайындау күні болмаған жағдайда кандидатты тағайындау (сайлау) күні қаржы ұйымының, холдингтің уәкілетті органы шешім қабылдаған күн не аталған шешімдегі жағдайдың басталған күні болып саналады. Осындай жағдайда қаржы ұйымы, холдинг аталған шешімдегі жағдайдың басталғанын растайтын құжаттар көшірмесін ұсынады.

Бұл ретте қаржы ұйымы, холдинг ұсынған үзінді-көшірме мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;

акционерлердің жалпы жиналысын (директорлар кеңесінің отырысын) өткізу күні, уақыты мен орны; отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер (директорлар кеңесінің отырысы үшін);

акционерлер жалпы жиналысының (директорлар кеңесі отырысының) қворумы;

акционерлер жалпы жиналысының (директорлар кеңесі отырысының) басшы лауазымына үміткерлерді тағайындау туралы мәселе бөлігіндегі отырысының күн тәртібі;

дауыс беруге қойылған мәселелер, басшы лауазымына үміткерлерді тағайындау бөлігінде олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

басшы лауазымына үміткерлерді тағайындау бөлігінде қабылданған шешімдер.

Шешімнің үзінді-көшірмесі осындай құжатқа қол қоюға уәкілетті қызметкердің (қызметкерлердің) қойылған қолымен және қаржы ұйымы, холдинг мөрінің бедерімен расталуы және үзінді-көшірменің дұрыс екеніне нұсқау болуы тиіс;

5) Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес электрондық және қағазтасымалдағыштарда (1-қосымшадағы түрлі түсті фотосурет көлемі 3x4, жарық фонда орындалады) кандидат туралы мәліметтер;

6) Қағидалардың 5-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда ғылыми дәрежені алғанын растайтын құжаттың көшірмесі;

7) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

8) Қазақстан Республикасының құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есептер жүргізу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы берген алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығын растайтын құжат (не бір кандидатты екі және одан да көп басшы лауазымына келісуге арналған құжаттар топтамасын берген кезде Қазақстан Республикасының құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есептер жүргізу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы құжатының көшірмесі). Көрсетілген құжатты беру күні өтінішхат берілген күннің алдындағы үш айдан аспайды;

Көрсетілген құжат сондай-ақ «Электрондық үкімет» www.e.gov.kz веб-порталынан басып шығарылған нысанда ұсынылуы мүмкін;

9) кандидат ұсынылатын лауазымды, ұсынып отырған тұлғаның қол қойған күнін және лауазымын, сондай-ақ кандидаттың кәсіби және (немесе) өзге мінездемелерін көрсете отырып, еркін нысанда жазылған, Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген кем дегенде екі тұлғадан кандидатқа берілген ұсыным хат. Ұсыным хатты беру күні өтінішхат берілген күннің алдындағы үш айдан аспайды;

10) Қағидалардың 5-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайда –Қазақстан Республикасының резиденті емес - қаржы ұйымында қажетті рейтингінің болуын растайтын мәліметтер;

11) бас бухгалтер лауазымына кандидат үшін – бухгалтерлерді кәсіптік сертификаттау жөніндегі ұйым (бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органы аккредиттеген) берген кәсіби бухгалтер сертификатының көшірмесі және бухгалтерлердің кәсіптік ұйымындағы (бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органы аккредиттеген) мүшелігін растайтын құжат.

5. Ұсыным беруші тұлғалар мыналар болады:

1) «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі;

2) тағайындалуына (сайлануына) уәкілетті органның қол қою күнінде қайтарып алынбаған келісімін алған, ұсыным хатқа қол қою күні директорлар кеңесінің бірінші басшысы, директорлар кеңесінің мүшесі, басқарманың (атқарушы органның) бірінші басшысы (атқарушы органның функцияларын жекелей жүзеге асыратын тұлға), қаржы ұйымдары, холдингтер басқармасының мүшесі лауазымындағы тұлғалар;

3) ұсыным хатқа қол қою күнінде уәкілетті органның (және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің) бірінші басшысы және оның орынбасарлары лауазымында болған тұлғаларды қоспағанда, мемлекеттік органдар мен ведомстволардың бірінші басшылары және олардың орынбасарлары;

4) экономика және (немесе) заң ғылымының докторы ғылыми дәрежесі бар тұлғалар;

5) өкілдіктердің басшылары, тізбесі Қағидалардың 3-тармағында айқындалған халықаралық қаржы ұйымдарының басшылары.

Қазақстан Республикасының резиденттері емес кандидаттарды келісу кезінде директорлар кеңесінің бірінші басшысы мен мүшелері, тізбесі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингілік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысымен (2013 жылғы 4 ақпанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 тіркелген) белгіленген рейтингтік агенттіктерінің бірі берген ВВ+ төмен емес рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденттері емес қаржы ұйымдарының бірінші басшысы және басқарма мүшелері де ұсыным беруші тұлғалар болып табылады.

Ұсыным беруші тұлғалар болып табылмайтындар:

кандидатты келісу туралы өтініш берген қаржы ұйымының (өтініш берушінің), холдингтің (және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің) басшы қызметкері;

кандидатты келісу туралы өтініш берген қаржы ұйымының (өтініш берушінің), холдингтің акционері, құрылтайшысы;

кандидатты келісу туралы өтініш берген қаржы ұйымы (өтініш беруші), холдинг құрылтайшысының (акционерінің) басшы қызметкері;

кандидатты келісу туралы өтініш берген қаржы ұйымының (өтініш берушінің), холдингтің еншілес ұйымының басшы қызметкері;

кандидаттың ері (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлісі, балалары) және кандидаттың жекжаттары (ерінің (зайыбының) ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлісі, балалары);

кандидатты келісу туралы қаржы ұйымы, холдинг өтініш бергенге дейінгі бір жыл ішінде уәкілетті органның және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тарапынан шектеулі ықпал ету шаралары және (немесе) санкциялар қолданылған жеке тұлға.

Уәкілетті орган қаржы ұйымының, холдингтің басшы қызметкері лауазымына тағайындалуына

(сайлануына) келісімін уәкілетті орган қайтарып алған кандидатқа ұсыным беруші тұлғаның ұсыным хат беру фактісін анықтаған жағдайда, уәкілетті орган бұдан кейін көрсетілген ұсыным беруші тұлғаның ұсыным хаттарын қабылдамайды.»;

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Қаржы ұйымы, холдинг кандидатты келісу үшін уәкілетті органға оның тағайындалған (сайланған) күнінен бастап күнтізбелік алпыс күннен кеш емес мерзімде құжаттардың толық топтамасын ұсынады (жауапты тұлғаны, байланыс телефондарын және электрондық почта мекенжайын көрсете отырып).

Уәкілетті орган басшы қызметкер лауазымына кандидатты келісу үшін ұсынылған құжаттарды Қағидалардың талаптарына сәйкес құжаттардың толық топтамасы ұсынылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

Қаржы ұйымы, холдинг Қағидаларда көзделген құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайда, уәкілетті орган оларды қаржы ұйымына, холдингке қараусыз қайтарады. Қаржы ұйымы, холдинг жетпеген құжаттар бар құжаттар топтамасын кандидатты басшы лауазымына тағайындау (сайлау) күнінен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешікпейтін мерзімде ұсынады. Қаржы ұйымы, холдинг кандидатты келісу үшін құжаттарды қайталап берген кезде оларды қарау мерзімі оларды қайталап беру күнінен басталады.

Уәкілетті орган ұсынылған құжаттар Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда ескертулер мен оларды жою мерзімін көрсете отырып, қаржы ұйымына, холдингке почта және (немесе) факсимильді байланыс және (немесе) электрондық почта арқылы жазбаша жауап береді.

Қаржы ұйымы, холдинг ескертулерді жояды және уәкілетті орган жіберілген жазбаша хабарламада белгілеген мерзімде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін пысықталған (түзетілген) құжаттарды ұсынады.

Құжаттар қаржы нарығында қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға өтініш білдірген ұйымдардың басшы қызметкерлерінің келісімі бойынша «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген лицензия беру мерзіміне сәйкес қаралады.

8. Азаматтығы бар еліндегі (шетел азаматтары үшін) немесе тұрақты тұратын еліндегі (азаматтығы жоқ тұлғалар үшін) қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екендігі туралы мәліметтердің дәйектілігін растау мақсатында шетел азаматтары (азаматтығы жоқ тұлғалар) қаржы ұйымдарының, холдингтің басшы қызметкері лауазымына тағайындалған (сайланған) күннен бастап алты айдан кеш емес мерзімде уәкілетті органға олардың азаматтығы бар елінің (азаматтығы жоқ тұлғалар үшін – тұрақты тұратын елінің) не кандидат соңғы он бес жыл ішінде тұрақты тұрған елінің мемлекеттік органы берген тиісті құжатты ұсынады.

Көрсетілген құжат осы тармақта белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, келісім берілген мәліметтер дәйексіз болып есептеледі және берілген келісімді уәкілетті орган Банктер туралы заңның 20-бабында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 54-бабында, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 55-бабында көзделген негіздер бойынша қайтарып алуға тиіс.

Басшы қызметкер лауазымына кандидаттың Қазақстан Республикасының резиденттері емес қаржы ұйымдарында жұмыс өтілі болған жағдайда, уәкілетті орган кандидаттың мінсіз іскерлік беделінің болуын растау мақсатында шет мемлекеттің уәкілетті қадағалау органынан қаржы ұйымының, холдингтің басшы қызметкері лауазымына тағайындау күніне дейінгі 10 (он) жылдан көп емес кезеңдегі кандидаттың іскерлік беделін сипаттайтын мәліметтердің болуы не болмауы туралы сұрау салады.

Шет мемлекеттің уәкілетті қадағалау органы басшы қызметкер лауазымына кандидаттың мінсіз іскерлік беделінің болмауы туралы ақпарат берген жағдайда, келісім берілген мәліметтер дәйексіз болып есептеледі және берілген келісімді уәкілетті орган Банктер туралы заңның 20-бабында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 54-бабында, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 55-бабында көзделген негіздер бойынша қайтарып алуға тиіс.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Уәкілетті орган Комиссияның шешімі бойынша кандидаттарды тестілеуден өту үшін шақырып не Қағидалардың 12-тармағында көзделген жағдайларда шақырмай-ақ, келісуді жүргізеді.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Комиссияның шешімі бойынша қаржы ұйымының, холдингтің мынадай қызметкерлері ұсынған құжаттардың негізінде:

- 1) қаржы нарығының осы секторында тиісті лауазымға уәкілетті органмен бұрын келісілген кандидат;
- 2) бұрын басқарма мүшесі, бірінші басшы немесе бірінші басшының орынбасары, қаржы қызметін реттеу, бақылау және (немесе) қадағалауды жүзеге асырып отырған (жүзеге асырған) мемлекеттік органның дербес құрылымдық бөлімшесінің (департаментінің, басқармасының) басшысы (басшының орынбасары), сондай-ақ қаржы ұйымдарының аудиті жөніндегі қызметтерді реттеуді жүзеге асырып

отырған (жүзеге асырған) мемлекеттік органның бірінші басшысы (бірінші басшының орынбасары) болған кандидат;

3) бұрын басқарма мүшесі, бірінші басшы немесе бірінші басшысының орынбасары, мемлекеттік органның жауапты хатшысы болған кандидат;

4) атқарушы органның бірінші басшысы лауазымына кандидаттың (атқарушы органның қызметін жеке өзі жүзеге асыратын тұлға):

қаржы ұйымының аудитін тікелей жүзеге асырған аудитор;

қаржы нарығының осы секторында және (немесе) Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген халықаралық қаржы ұйымдарының бірінің:

директорлар кеңесінің бірінші басшысы, мүшесі;

қаржылық қызметтерді көрсетуге байланысты мәселелерге жетекшілік еткен басқарманың бірінші басшысы, мүшесі;

бас бухгалтер;

5) екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болса- басқару органының бірінші басшысы лауазымына кандидат;

қаржы ұйымының аудитін тікелей жүзеге асырған аудитор;

қаржы нарығының осы секторында және (немесе) Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген халықаралық қаржы ұйымдарының бірінің:

директорлар кеңесінің бірінші басшысы, мүшесі;

бірінші басшы, басқарма мүшесі (қаржылық қызметтерді көрсетуге байланысты мәселелерге жетекшілік еткен);

бас бухгалтер;

6) үш жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болса – бас қаржы ұйымының атқарушы органының мүшесі болып табылатын бірінші басшы және директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына кандидат:

қаржы ұйымының аудитін тікелей жүзеге асырған аудитор;

қаржы нарығының осы секторында және (немесе) Қағидалардың 3-тармағына сәйкес халықаралық қаржы ұйымдарының бірінің:

директорлар кеңесінің бірінші басшысы, мүшесі;

басқарманың бірінші басшысы, мүшесі (қаржылық қызметтерді көрсетуге байланысты мәселелерге жетекшілік еткен);

бас бухгалтер;

7) сақтандыру брокерінің бірінші басшысының орынбасары, қаржы ұйымының, холдингтің қауіпсіздік мәселелеріне, әкімшілік-шаруашылық мәселелеріне ғана жетекшілік ететін қаржы ұйымының, ұйымның басқарма мүшесі лауазымына кандидат;

8) екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болса, сақтандыру брокерінің бірінші басшысының орынбасары, қаржы ұйымының, холдингтің басқарма мүшесі лауазымына кандидаттың:

қаржы ұйымының аудитін тікелей жүзеге асырған аудитор;

қаржы нарығының осы секторында және (немесе) Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген халықаралық қаржы ұйымдарының бірінің:

директорлар кеңесінің бірінші басшысы, мүшесі;

қаржылық қызметтерді көрсетуге байланысты мәселелерге жетекшілік еткен бірінші басшы, басқарма мүшесі;

бас бухгалтер немесе бас бухгалтердің орынбасары;

қызметі қаржылық қызметтерді көрсетуге байланысты дербес құрылымдық бөлімшенің (департаменттің, басқарманың, филиалдың) басшысы (басшының орынбасары), қаржылық қызметтерді көрсетуге байланысты мәселелерге жетекшілік еткен қаржы және (немесе) басқарушы директор ретінде;

9) бас бухгалтердің лауазымына кандидат;

10) қаржы нарығының осы секторында басшы қызметкер лауазымына келісу кезінде уәкілетті органда тестілеудің оң нәтижесін алған кандидат.

Тестілеудің оң нәтижелерін осы тармақшаның мақсаттары үшін есептеу мерзімі кандидаттың уәкілетті органда тестілеуден өту күнінен бастап алты айдан аспауы тиіс;

11) кемінде бір жыл еңбек өтілі бар болса, өзге басшы қызметкер лауазымына кандидат:

қаржы ұйымының аудитін тікелей жүзеге асырған аудитор;

қаржы нарығының осы секторында және (немесе) осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген халықаралық қаржы ұйымдарының бірінің:

бірінші басшысы, директорлар кеңесінің мүшесі;

қаржылық қызметтерді көрсетуге байланысты мәселелерге жетекшілік еткен Басқарманың бірінші басшысы, мүшесі;

бас бухгалтер немесе бас бухгалтердің орынбасары;
қызметі қаржылық қызметтерді көрсетуге байланысты дербес құрылымдық бөлімшенің (департаменттің, басқарманың, филиалдың) басшысы (басшының орынбасары), қаржылық қызметтерді көрсетуге байланысты мәселелерге жетекшілік еткен қаржы және (немесе) басқарушы директор ретінде;

12) директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына кандидат шақырмай келісіледі.»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Тестілеу нәтижелерімен келіспеген жағдайда, кандидат келісуден бас тартуды алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға шағымымен жазбаша түрде өтініш береді.»;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Шағымды, кандидаттың тест сұрақтарына жауаптарын қарау, кандидаттың дәлелдерін тыңдау нәтижелері бойынша Апелляциялық комиссия мынадай шешімдердің біреуін қабылдайды:

Комиссияның шешімін өзгеріссіз, ал шағымды қанағаттандырусыз қалдыру;

шағымды қанағаттандырып және кандидатты келісу;

кандидатты қайта тестілеуге жіберу.

Қайта тестілеудің нәтижелері бойынша:

оң нәтижеде – кандидат келісілген болып саналады, ол туралы қаржы ұйымына жазбаша хабарланады;

теріс нәтижеде – Комиссияның шешімі өзгеріссіз қалады.»;

26 және 27-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Қаржы ұйымының, холдингтің басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) берілген келісім Банктер туралы заңның 20-бабының 9-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабының 9-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 54-бабының 9-тармағында, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 55-бабының 8-тармағында көзделген негіздемелер бойынша уәкілетті органның бірінші басшысының немесе оның орнындағы тұлғаның бұйрығымен қайтарылады.

27. Уәкілетті орган мынадай негіздемелер бойынша қаржы ұйымының, холдингтің басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беруден бас тартады:

1) басшы қызметкерлерінің Банктер туралы заңның 20-бабында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабында, Акционерлік қоғамдар туралы заңның 1-бабының 20) тармақшасында, 54-бабының 4-тармағында, 59-бабының 2-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 54-бабында, Бухгалтерлік есеп туралы заңның 9-бабында, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 55-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

2) тестілеудің теріс нәтижесі не орынды себепсіз тестілеуге келмей қалу;

3) қаржы ұйымының, холдингтің уәкілетті органның ескертулерін жоймауы немесе қаржы ұйымының, холдингтің уәкілетті органның ескертулерін ескеріп, пысықталған құжаттарды Банктер туралы заңның 20-бабы 5-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабы 5-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 54-бабы 5-тармағында, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 55-бабы 4-тармағында белгіленген уәкілетті органның құжаттарды қарау мерзімі аяқталғаннан кейін беруі;

4) Банктер туралы заңның 20-бабының 5-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 34-бабының 5-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 54-бабының 5-тармағында, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 55-бабының 4-тармағында белгіленген мерзімдер аяқталғаннан кейін құжаттарды ұсыну, осы мерзім ішінде басшы қызметкер өз лауазымды қызметін уәкілетті органның келісімінсіз иеленеді;

5) уәкілетті органның (және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің) кандидатқа қолданылған санкцияларының және (немесе) шектеулі ықпал ету шараларының бар болуы.

Осы талап қаржы ұйымы, холдинг кандидатты келісу туралы өтінішті берген күнге дейін бір жыл ішінде қолданылады;

6) уәкілетті органда кандидат басшы қызметкер не басшы қызметкердің міндетін атқарушы лауазымын атқаратын (атқарған) қаржы ұйымының, холдингтің Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуына әкеп соққан оның өкілеттігіне кірген мәселелер бойынша кандидаттың шешімдер қабылдауы және ол үшін осы қаржы ұйымына, холдингке қатысты уәкілетті орган және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шектеулі ықпал ету шарасы және (немесе) санкция қолдану фактілері туралы мәліметтердің болуы.

Осы талап уәкілетті орган бұзуды анықтаған күннен бастап бір жыл ішінде қолданылады;

7) уәкілетті органда кандидаттың бағалы қағаздар нарығында айла-әрекет жасау мақсатында жасалған және (немесе) үшінші тұлғаға (үшінші тұлғаларға) шығын келтіруге әкеп соқтырған деп танылған мәміленің тарапы болып табылғаны туралы мәліметтердің болуы.

Осы талап уәкілетті органда бағалы қағаздар нарығында айла-әрекет жасалғанын және (немесе)

кандидаттың адал емес әрекеттерінен осы мәмілені жасау нәтижесінде үшінші тұлғаға (үшінші тұлғаларға) зиян келтірілгенін растайтын фактілер болған жағдайда қолданылады;

8) уәкілетті органда кандидаттың уәкілетті орган оған қатысты бағалы қағаздар нарығында айла-әрекет жасау мақсатында жасалған деп танылған мәмілелерді жасағаны үшін санкциялар және (немесе) шектеулі ықпал ету шаралары қолданылған қаржы ұйымының қызметкері және (немесе) іс-әрекеті мәмілеге қатысушы қаржы ұйымына және (немесе) үшінші тұлғаға (үшінші тұлғаларға) шығын келтірген қаржы ұйымының қызметкері болып табылғаны туралы мәліметтің болуы.

Осы талап уәкілетті органда бағалы қағаздар нарығында айла-әрекет жасалғанын және (немесе) кандидаттың адал емес әрекеттерінен не әрекетсіздігінен осы мәмілені жасау нәтижесінде қаржы ұйымына және (немесе) үшінші тұлғаға (үшінші тұлғаларға) зиян келтірілгенін растайтын фактілер болған жағдайда қолданылады.»;

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Басшы қызметкерлері уәкілетті органмен келісілген қаржы ұйымдары, холдингтер уәкілетті органды күнтізбелік он күн ішінде басшы қызметкерлердің басқа лауазымға ауысуын және жұмыстан босатылуын қоса, олардың құрамындағы болған барлық өзгерістер туралы, басшы қызметкерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы, растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, хабардар етеді.

Басшы қызметкерді қылмыстық жауапкершілікке тартқан жағдайда, қаржы ұйымдары, холдингтер уәкілетті органды осы ақпарат қаржы ұйымына, холдингке мәлім болған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, хабардар етеді.»;

1-қосымша осы Қазақстан Республикасының қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесінің қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

Қаржы ұйымдарының, банк, сақтандыру холдингтерінің басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларының 2-қосымшасы және келісімді алуға қажетті құжаттардың тізбесі

Нысан».

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқару туралы» 2012 жығы 26 наурыздағы № 120 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 7641 тіркелген, 2012 жылғы 8 тамызда «Егемен Қазақстан» газетінде № 256-257 (27075-27076) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

4) тармақша алып тасталсын;

1-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) кастодиандық - брокерлік және (немесе) дилерлік қызметпен, трансфер-агенттік қызметпен;».

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Өтініш берушінің (лицензиаттың) жарғылық капиталының ең аз мөлшері туралы» 2012 жығы 28 сәуірдегі № 168 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 7733 тіркелген, 2012 жылғы 16 тамызда «Егемен Қазақстан» газетінде № 271-273 (27090-27092) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар үшін өтініш берушіге жарғылық капиталының ең аз мөлшері белгіленсін:

1) Республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткішінің 800 000 еселік мөлшерінде – ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға;

2) Республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткішінің 400 000 еселік мөлшерінде - номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға;

3) Республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткішінің 400 000 еселік мөлшерінде - клиенттердің шоттарын жүргізу

құқығынсыз брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға;

4) Республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткішінің 300 000 еселік мөлшерінде – ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға;

5) Республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткішінің 400 000 еселік мөлшерінде - брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті және ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті қоса атқару;

6) Республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткішінің 500 000 еселік мөлшерінде - бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға;

7) Республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткішінің 500 000 еселік мөлшерінде - қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру;

8) Республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткішінің 70 000 еселік мөлшерінде - трансфер-агенттік қызметін жүзеге асыруға;

9) Республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткішінің 800 000 еселік мөлшерінде - ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті және брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті қоса атқару.».

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, сондай-ақ банктің ірі қатысушыларына, банк холдингіне, банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдарға қатысты шектеулі ықпал ету шараларын және ірі қатысушының немесе банк холдингінің белгілері бар тұлғаларға, сондай-ақ банктің ірі қатысушыларына, банк холдингтеріне немесе банк конгломератының құрамына кіретін заңды тұлғаларға мәжбүрлеу шараларын қолдану қағидаларын бекіту туралы» 2012 жығы 29 қазандағы № 317 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 8167 тіркелген, 2013 жылғы 20 ақпанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 63-64 (27337-27338) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, сондай-ақ банктің ірі қатысушыларына, банк холдингіне, банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдарға қатысты шектеулі ықпал ету шараларын және ірі қатысушының немесе банк холдингінің белгілері бар тұлғаларға, сондай-ақ банктің ірі қатысушыларына, банк холдингтеріне немесе банк конгломератының құрамына кіретін заңды тұлғаларға мәжбүрлеу шараларын қолдану қағидаларында:

кіріспенің екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Шектеулі ықпал ету шараларын Ұлттық Банк орталық аппаратының бөлімшелері мен аумақтық филиалдары, Комитет және Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті қолданады.».

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясын тағайындау және босату қағидаларын және тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2013 жылғы 25 ақпандағы № 71 қаулысына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8411 тіркелген, 2013 жылғы 21 маусымда «Заң газеті» газетінде № 91 (2466) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясын тағайындау және босату қағидаларын және тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы және «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңдарына

сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұсынылып отырған Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясын тағайындау және босату Қағидалары мен тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне қойылатын талаптар бекітілсін.»;

Аталған қаулымен бекітілген Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясын тағайындау және босату Қағидалары мен тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне қойылатын талаптарда:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясын тағайындау және босату Қағидалары және тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне қойылатын талаптар»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясын тағайындау және босату Қағидалары және тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне қойылатын талаптар «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы және «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңдарына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті (бұдан әрі – уәкілетті орган) еріксіз таратылып отырған банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (бұдан әрі – қаржы ұйымы) төрағасын және тарату комиссиясының мүшелерін тағайындау және босату тәртібін анықтайды және тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне қойылатын талаптарды белгілейді.»;

1-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымының
тарату комиссиясын тағайындау және босату
қағидаларына және
тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне
қойылатын талаптарға
қосымша»

Қазақстан Республикасының
қаржы ұйымдарын бақылау
мен қадағалау мәселелері
бойынша өзгерістер енгізілетін
нормативтік құқықтық актілерінің
тізбесіне қосымша

Қаржы ұйымдарының, банк,
сақтандыру холдингтерінің
басшы қызметкерлерін
тағайындауға (сайлауға) келісім беру
қағидаларына және
келісім алу үшін қажетті
құжаттар тізбесіне
1-қосымша



фотосуреттің орны

**Қаржы ұйымының, холдингтің басшы қызметкері лауазымына
кандидат туралы мәліметтер**

(кандидаттың тегі, аты, бар болса - әкесінің аты және

қаржы ұйымындағы, холдингтегі келісілетін
лауазымы көрсетіледі)

(қаржы ұйымының, холдингтің атауы)

1. Жалпы мәліметтер:

Туған күні және туған жері	
Азаматтығы	
Жеке басын куәландыратын құжаттардың деректері	

2. Білімі:

№	Оқу орнының атауы	Түскен күні - бітірген күні	Мамандығы	Білімі туралы дипломның деректемелері (бар болса күні және нөмірі)
1				

3. Ері (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлісі, балалары) және жекжаттары (ерінің (зайыбының) ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлісі, балалары) туралы мәліметтер

№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туған жылы	Туыстық қатынастары	Жұмыс орны және лауазымы
1				

4. Кандидаттың заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы және акцияларды иеленуі туралы мәліметтер:

№	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері	Заңды тұлғаның қызметінің жарғылық түрі	Жарғылық капиталда қатысу үлесі немесе кандидатқа тиесілі акциялар санының заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының жалпы санына арақатынасы (пайызбен)
1			

5. Еңбек қызметі туралы мәліметтер.

Осы тармақта кандидаттың барлық еңбек қызметіндегі атқарған (атқарып отырған) лауазымдары, оның ішінде уәкілетті органға келісу туралы өтінішті берген қаржы ұйымында, холдингтегі лауазымын көрсете отырып, жоғарғы оқу орнын аяқтаған сәттен бастап, сондай-ақ кандидат еңбек қызметін жүзеге асырмаған кезеңі туралы көрсетіледі.

№	Жұмыс кезеңі (күні, айы, жылы)	Жұмыс орны	Лауазымы (егер талап етілсе, келісу күнін көрсете отырып)	Қолданылған тәртіптік шараның болуы	Жұмыстан шығу, қызметтен босату себептері
1					

6. Кандидаттың қаржы ұйымының аудитін жүргізуі туралы мәліметтер:

(қаржы ұйымының атауын, аудит жүргізу мерзімін, кандидат аудитор-орындаушы ретінде аудиторлық есепке қол қойған күнін көрсету).

7. Осы ұйымның және (немесе) басқа ұйымдардың инвестициялық комитеттеріндегі мүшелігі туралы мәліметтер:

№	Кезең (күні, айы, жылы)	Ұйымның атауы	Лауазымы	Жұмыстан шығу, қызметтен босату себептері
1				

8. Өзіне қабылдаған ақшалай міндеттемелерін орындамау фактілерінің болуы туралы мәліметтер:

(иә/жоқ, аталған фактілер болған жағдайда, ұйымның атауын және міндеттемелер сомасын көрсету қажет)

9. Осы ұйымда және (немесе) басқа ұйымдарда басқарушы директордың лауазымын иелену туралы мәліметтер:

№	Кезең (күні, айы, жылы)	Ұйымның атауы	Жетекшілік жасайтын құрылымдық бөлімшелер және қаржылық қызмет көрсетуге байланысты мәселелер	Жұмыстан шығу, қызметтен босату себептері
1				

10. Кандидат бұрын директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарманың (атқарушы органның) бірінші басшысы және оның орынбасары, бас бухгалтері, ірі қатысушысы – ірі қатысушысы жеке тұлға, қаржы ұйымының (банк немесе сақтандыру холдингінің) ірі қатысушысы заңды тұлға – қаржы ұйымы заңды тұлғаның қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік органы қаржы ұйымын, банк холдингін консервациялау туралы, акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте оны банкрот деп тану туралы шешімді қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бірінші басшысы болғандығы туралы мәліметтер.

(иә/жоқ, қаржы ұйымының атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі көрсетіледі).

11. Уәкілетті органның басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) келісімді қайтарып алу және қаржы ұйымының холдингінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуі туралы деректердің болуы.

(иә/жоқ, ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі, тағайындауға (сайлауға) келісімді қайтарып алуға негіздеме және осындай шешім қабылдаған мемлекеттік органның атауы көрсетілсін).

12. Қаржы ұйымының, холдингінің басшысы ретінде қаржы ұйымы қызметінің мәселелері бойынша сотта істі қарау кезінде жауап беруші ретінде тартылды ма:

(иә/жоқ, күнін, сотта істі қарау кезіндегі жауап беруші – қаржы ұйымының атауы, қаралған мәселе және сот шешімі көрсетілсін).

Осы ақпаратты мен тексердім және оның толық және дәйекті болып табылатындығын растаймын.
Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(баспа әріптерімен)

Қаржы ұйымының, холдингтің тәуелсіз директоры лауазымына кандидат толтырады:
Мен, _____

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты)

тәуелсіз директор лауазымына тағайындау (сайлау) үшін «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес келетінімді растаймын.

Күні _____
Қолы _____».

Күші жойылды деп танылған нормативтік құқықтық актілер тізбесі

1. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларының тарату комиссияларының есеп пен қосымша ақпаратты ұсыну нысандары, мерзімі және кезеңділігі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде» 2004 жылғы 15 наурыздағы № 71 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2802 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларын мәжбүрлеп тарату ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 наурыздағы № 79 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4237 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2009 жылғы 6 наурызда № 35 (1632) және 2009 жылы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында №5 жарияланған).

3. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларының тарату комиссияларының есеп пен қосымша ақпаратты ұсыну нысандары, мерзімі және кезеңділігі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде» 2004 жылғы 15 наурыздағы № 71 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2006 жылғы 25 наурыздағы № 81 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4211 тіркелген, 2006 жылы «Қаржы хабаршысы» журналында № 5 (29) жарияланған).

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорын консервациялау кезеңінде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің (уақытша басқарушының) қызметі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2007 жылғы 23 ақпандағы № 3 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4592 тіркелген).

5. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру мен бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялау қағидаларын бекіту туралы» 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 123 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4736 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2007 жылғы 20 шілдеде № 110 (1139) жарияланған).

6. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәйкес сәйкестендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 28 мамырдағы № 155 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4803 тіркелген, 2007 жылғы мамыр-шілдеде Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған) Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлері мәселелері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесінің 19-тармағы.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларының тарату комиссияларының есеп пен қосымша ақпаратты ұсыну нысандары, мерзімі және кезеңділігі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде» 2004 жылғы 15 наурыздағы № 71 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 24 қыркүйектегі № 237 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5000 тіркелген).

8. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі

Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік-құқықтық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 28 қарашадағы № 182 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5478 тіркелген, 2009 жылғы 17 ақпанда «Заң газеті» газетінде № 24 (1447) жарияланған) Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесінің 3-тармағы.

9. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларын мәжбүрлеп тарату ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы № 79 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 26 қаңтардағы № 4 қаулысы («Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5548 тіркелген, 2009 жылы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында № 5 жарияланған).

10. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларының тарату комиссияларының есеп пен қосымша ақпаратты ұсыну нысандары, мерзімі және кезеңділігі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде» 2004 жылғы 15 наурыздағы № 71 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 27 ақпандағы № 24 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5630 тіркелген).

11. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2010 жылғы 29 наурыздағы № 49 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6204 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2010 жылғы 3 қарашада № 456 (26299) жарияланған) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне енгізілетін толықтырулар мен өзгерістер тізбесінің 2-тармағы.

12. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәйкес сәйкестендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 29 наурыздағы № 50 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6219 тіркелген, 2010 жылғы 26 тамызда Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар актілерінің жинағының № 14 және «Егемен Қазақстан» газетінде 2010 жылғы 3 қарашада № 456 (26299) жарияланған) Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлері мәселелері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесінің 16 және 19-тармақтары.

13. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 58 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6282 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2010 жылғы 3 қарашада № 456 (26299) жарияланған) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесінің 4-тармағы.

14. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік-құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі № 111 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6393 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2010 жылғы 3 қарашада № 456 (26299) жарияланған) Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесінің 3-тармағы.

15. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларын, олардың құрылтай құжаттарына өзгерістер және (немесе) толықтыруларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Қаржы

нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларын, олардың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру мен бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялау ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 123 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2012 жылғы 26 наурыздағы № 124 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7640 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 11 тамызда № 495-500 (27573) жарияланған).

16. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларын мәжбүрлеп тарату ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы № 79 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 26 наурыздағы № 131 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7700 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 15 тамызда № № 510-515 (27588) жарияланған).

17. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларын ерікті түрде тарату жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2012 жылғы 26 наурыздағы № 132 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7635 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 15 тамызда № 510-515 (27588) жарияланған).

18. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» 2012 жылғы 26 наурыздағы № 124 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8009 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 21 қарашада № 763-767 (27839) жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 4 және 8-тармақтары.

19. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» 2013 жылғы 26 сәуірдегі № 110 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8505 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2013 жылғы 23 шілдеде № 107 (2308); «Заң газеті» газетінде 2013 жылғы 24 шілдеде № 108 (2309), «Заң газеті» газетінде 2013 жылғы 25 шілдеде № 109 (2310), «Заң газеті» газетінде 2013 жылғы 30 шілдеде № 111 (2312), «Заң газеті» газетінде 2013 жылғы 31 шілдеде № 112 (2313), «Заң газеті» газетінде 2013 жылғы 2 тамызда № 114 (2315), «Заң газеті» газетінде 2013 жылғы 6 тамызда № 115 (2316) жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 20 және 33-тармақтары.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы

2013 жылғы 27 тамыз

№ 233

Ертерек ден қою шараларын қолдану қағидаларын және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторларды айқындау әдістемесін бекіту туралы

«Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ертерек ден қою шараларын қолдану қағидалары және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторларды айқындау әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Ертерек ден қою шараларын және жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторларды айқындау әдістемесін қолдану қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 ақпандағы № 66 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7565 тіркелген, 2012 жылғы 11 шілдеде «Егемен Қазақстан» газетінде № 383-388 (27462) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылғы
10 қазанда № 8804 болып тіркелген.*

*Ертерек ден қою шараларын қолдану қағидалары және
сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының)
қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторларды
айқындау әдістемесі*

Осы Ертерек ден қою шараларын қолдану қағидалары және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторларды айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Қағидалар) «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң) сәйкес әзірленді және ертерек ден қою шараларын қолдану тәртібін және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторларды айқындау әдістемесін белгілейді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті (бұдан әрі – уәкілетті орган) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру топтарының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторлар анықталған кезде оларға ертерек ден қою шараларын қолданады.

1. Ертерек ден қою шараларын қолдану тәртібі

1. Уәкілетті орган Қағидалардың 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген факторды қоспағанда, Қағидалардың 2, 3-тармақтарында көзделген қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторларды анықтау үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының қаржылық жағдайын талдауды жүзеге асырады:

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының – реттеуіш есептілік деректерінің негізінде ай сайын;
сақтандыру тобының – реттеуіш есептілік деректерінің негізінде тоқсан сайын.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторлар мыналар болып табылады:

- 1) төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің төмендеуі;
- 2) өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативінің төмендеуі;
- 3) шығындылық коэффициенттерінің ұлғаюы;
- 4) активтердің жалпы сомасындағы акциялар үлесінің ұлғаюы;
- 5) Қазақстан Республикасының резиденті емес жекелеген қайта сақтандыру ұйымындағы қайта сақтандыру шарты (шарттары) бойынша жауапкершілік көлемінің сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша жауапкершіліктің жалпы көлеміне арақатынасының асуы;

б) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығынды қызметі;

7) жалпы және әкімшілік шығыстардың сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларына арақатынасының асуы;

8) «жалпы сақтандыру» саласындағы сақтандырудың әрбір ерікті сыныбы бойынша сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы түріндегі шығыстардың «жалпы сақтандыру» саласындағы сақтандырудың тиісті сыныбы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларына арақатынасының асуы.

3. Сақтандыру тобының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторлар мыналар болып табылады:

1) төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің төмендеуі;

2) сақтандыру тобы қатысушысының (қатысушыларының) балансы бойынша меншікті капиталының

олардың баланс бойынша жарғылық капиталының мөлшерінен төмендеуі;

3) сақтандыру тобының қатысушылары арасындағы мәмілелер көлемінің асуы;

4) сақтандыру тобының қатысушылары болып табылатын қаржы ұйымдарына қатысты ертерек ден қою шараларын қолдану.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының қаржылық жағдайын талдау нәтижесінде және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын және (немесе) сақтандыру холдингін не сақтандыру тобының қатысушыларын тексеру қорытындылары бойынша Қағидалардың 2, 3-тармақтарында көзделген факторлар анықталған жағдайда, уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) оның акционерлеріне, сақтандыру холдингіне және (немесе) оның ірі қатысушысына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының қаржылық тұрақтылығын арттыру, олардың қаржылық жағдайының нашарлауын және олардың қызметіне байланысты тәуекелдердің өсуін болдырмау бойынша ертерек ден қою шаралары көзделетін іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) ұсыну жөнінде жазбаша нысанда талап жібереді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) оның акционерлері, сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары уәкілетті органның талабын алған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде іс-шаралар жоспарын әзірлейді және уәкілетті органға ұсынады, онда мыналар қамтылады:

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін фактордың толық талдауы;

осы фактордың болжамы, осындай болжамның негізі және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының қызметіне тигізетін жағымсыз әсері;

осы факторды жақсарту, яғни сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының қызметі үшін қауіп төндірмейтін (қосымша тәуекелдер) деңгейге дейін жеткізу жөніндегі шаралар;

іс-шаралар жоспарының орындалу мерзімдері (іс-шаралар жоспарының әрбір тармағы бойынша орындау мерзімдерін көрсете отырып);

іс-шаралар жоспарын орындауға жауапты лауазымды тұлғалар (іс-шаралар жоспарының әрбір тармағы бойынша орындауға жауапты лауазымды тұлғаларды көрсете отырып).

Уәкілетті орган іс-шаралар жоспарын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) оның акционерлері, сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары ұсынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде алдын ала қарайды.

Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) оның акционерлері, сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары қарауға ұсынған іс-шаралар жоспарымен келіспеген жағдайда, уәкілетті орган мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары іс-шаралар жоспарын жетілдіру мақсатында бірлескен талқылаулар жүргізеді. Бұл ретте сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары уәкілетті органның ескертулерін жою үшін жоспарды түзетеді немесе осындай ескертулермен келіспеген жағдайда өзінің негіздемелерін ұсынады.

Уәкілетті орган жетілдірілген іс-шаралар жоспарын ұсынылған күнінен не уәкілетті органның ескертулерімен келіспеу негіздемелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мақұлдайды немесе мақұлдамайды.

Уәкілетті орган ұсынылған іс-шаралар жоспарын мақұлдаған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) оның акционерлері, сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары оны іске асыруға кіріседі және уәкілетті органға іс-шаралар жоспарында белгіленген мерзімдерде іс-шаралардың орындалғаны туралы есепті ұсынады.

Уәкілетті орган іс-шаралар жоспарын мақұлдамаған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) оның акционерлеріне, сақтандыру холдингіне және (немесе) оның ірі қатысушыларына Сақтандыру қызметі туралы заңның 53-бабының 3 және 4-тармақтарында көзделген талаптарды қою арқылы бір немесе бірнеше ертерек ден қою шараларын қолданады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары Қағидалардың 2, 3-тармақтарында көзделген факторларды өз бетінше анықтаған жағдайда, көрсетілген факторларды анықтаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға Қағидаларда көзделген іс-шаралар жоспарын қоса бере отырып, олардың қаржылық жағдайының нашарлаған жағдайын көрсететін ақпаратты ұсынады.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторларды айқындау әдістемесі

5. Қағидалардың 2-тармағында көзделген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторлар мынадай әдістеме бойынша айқындалады:

1) төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы» 2008 жылғы 22 тамыздағы № 131 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5331 тіркелген) (бұдан әрі – № 131 қаулы) белгіленгеннен 0,5 немесе одан аз тармаққа жоғары бастапқы мәні кезінде қатарынан үш ай ішінде 0,1 және одан көп тармаққа екі және одан көп рет төмендеуі.

Қағидалардың мақсаттары үшін қарастырылып отырған параметрдің нақты мәнінің ағымдағы мәні мен қарастырылып отырған кезеңнің басындағы мәнінің арасындағы айырмашылық ретінде есептелген абсолюттік өзгеруі тармақ болып табылады;

2) төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің мәні № 131 қаулымен белгіленген төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің ең аз мәнінен 0,1 тармаққа асатын деңгейден төмен;

3) өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативінің № 131 қаулымен белгіленгеннен 0,5 немесе одан аз тармаққа жоғары бастапқы мәні кезінде қатарынан үш ай ішінде 0,1 және одан көп тармаққа екі және одан көп рет төмендеуі;

4) өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативінің мәні № 131 қаулымен белгіленген өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативінің ең аз мәнінен 0,1 тармаққа асатын деңгейден төмен;

5) қайта сақтанушының үлесін ескермегендегі шығындылық коэффициентінің міндеттемелер көлемі сақтандыру ұйымының тікелей сақтандыру және кіріс қайта сақтандыру шарттары бойынша барлық міндеттемелерінің жиынтық көлемінің жиырма және одан көп пайызы болатын сақтандыру сыныбы (сыныптары) бойынша қатарынан үш ай ішінде екі және одан көп рет жүз пайыздан асуы;

6) акцияларға инвестициялардың жиынтық үлесінің қайта сақтандыру активтерін шегергендегі активтер көлемінің жиырма пайыздық мәннен асуы;

7) Standard & Poor's агенттігінің «BB-»-тен төмен халықаралық рейтингтік бағасы немесе № 131 қаулыға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен танылатын басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар, немесе осы рейтингтік агенттіктердің рейтингтік бағасы жоқ, не Standard & Poors рейтингтік агенттігінің жіктелімі бойынша Қазақстан Республикасының тиісті тәуелсіз рейтингінен төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе осыған ұқсас деңгейдегі тәуелсіз рейтингі бар елде тіркелген Қазақстан Республикасының резиденті емес жекелеген қайта сақтандыру ұйымында қайта сақтандыру шарты (шарттары) бойынша жауапкершілік көлемінің тікелей сақтандыру және кіріс қайта сақтандыру шарттары бойынша жауапкершіліктің жиынтық көлеміне арақатынасының он пайыздық мәннен асуы;

8) соңғы үш ай ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығынды қызметі;

9) жалпы және әкімшілік шығыстардың сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларына арақатынасының қырық пайыз мәнінен асуы;

10) «жалпы сақтандыру» саласындағы сақтандырудың әрбір ерікті сыныбы бойынша сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы түріндегі шығыстардың «жалпы сақтандыру» саласындағы міндеттемелер көлемі сақтандыру ұйымының тікелей сақтандыру және кіріс қайта сақтандыру шарттары бойынша барлық міндеттемелерінің жиынтық көлемінің жиырма және одан көп пайызы болатын сақтандырудың тиісті сыныбы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларына арақатынасының отыз пайыз мәнінен асуы.

6. Қағидалардың 3-тармағында көзделген сақтандыру тобының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторлар мынадай әдістеме бойынша айқындалады:

1) екі есепті тоқсанның қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі

нормативінің оның бастапқы мәні № 131 қаулыда белгіленгеннен 0,5 немесе одан аз тармаққа жоғары болған кезде 0,1 және одан көп тармаққа төмендеуі;

2) төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің мәні № 131 қаулымен белгіленген төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің ең аз мәнінен 0,1 тармаққа асатын деңгейден төмен;

3) есепті тоқсанның қорытындысы бойынша сақтандыру тобы қатысушысының (қатысушыларының) балансы бойынша меншікті капиталдың олардың баланс бойынша жарғылық капиталының мөлшерінен төмен болып төмендеуі;

4) сақтандыру тобының қатысушылары арасындағы мәмілелер көлемінің сақтандыру тобының төлем қабілеттілігінің нақты маржасынан он пайызға асуы;

5) сақтандыру тобының қатысушылары болып табылатын қаржы ұйымдарына қатысты ертерек ден қою шараларын жүйелі түрде (қатарынан алты ай ішінде үш және одан да көп рет) қолдану.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы

2013 жылғы 27 тамыз

№ 242

«Сақтандыру ұйымы не тәуелсіз сарапшы зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша жүзеге асыратын сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесін, жасалатын зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша істі жүргізуге жұмсалатын сақтандыру ұйымы шығыстарының жол берілетін деңгейін, зейнетақы аннуитеті үлгі шартын бекіту туралы»

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Мыналар:

- 1) Сақтандыру ұйымы не тәуелсіз сарапшы зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша жүзеге асыратын сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесі, осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;
 - 2) жасалатын зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша істі жүргізуге жұмсалатын сақтандыру ұйымы шығыстарының жол берілетін деңгейі, осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес;
 - 3) Зейнетақы аннуитеті үлгі шарты, осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес бекітілсін.
 - 4) Осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылғы
12 қазанда № 8814 болып тіркелген**

Сақтандыру ұйымы не тәуелсіз сарапшы зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша жүзеге асыратын сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесі

1. Сақтандыру ұйымы не тәуелсіз сарапшы зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша жүзеге асыратын сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» (бұдан әрі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) 2013 жылғы 21 маусымдағы және «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және сақтандыру ұйымы не тәуелсіз сарапшы зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша жүзеге асыратын сақтандыру сыйлықақысының және сақтандыру төлемінің есебіне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Әдістеменің мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) біржолғы сақтандыру төлемі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 63-бабында белгіленген мөлшерде бірінші мерзімдік сақтандыру төлемімен бірге бірыңғай төлем ретінде жүзеге асырылатын төлем;

2) зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігі – талап етілетін, айлық сақтандыру төлемінің мөлшері зейнетақы аннуитеті шартын жасаған күнінде қолданыстағы ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен емес зейнетақы аннуитеті шартын жасау үшін талап етілетін, шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейінгі кезеңге жеткілікті зейнетақы жинақтарының сомасы.

Айлық сақтандыру төлемінің мөлшері зейнетақы аннуитеті шартын жасаған күні қолданыста болған тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі зейнетақы мөлшерінен кем емес алынады;

3) кепілдік берілген сақтандыру төлемдері – сақтанушыға не оның мирасқорларына шартта белгіленген уақыт кезеңі ішінде сақтанушының өмір сүруіне қарамастан жасалатын мерзімдік сақтандыру төлемдері;

4) қор (қорлар) – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры);

5) сақтандыру сыйлықақысы – сақтанушы зейнетақы аннуитетін сатып алу үшін өзінің таңдауы бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымына жіберген зейнетақы жинақтары және (немесе) ақша;

6) сақтандыру ұйымы – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның «өмірді сақтандыру» саласында «аннуитеттік сақтандыру» сыныбы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар заңды тұлға;

7) сақтанушы – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 59-бабына сәйкес зейнетақы аннуитеті шартын жасаған жеке тұлға.

3. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 59-бабының 1, 2 және 4-тармақтарында көрсетілген адамдар, олардың зейнетақы жинақтары жеткілікті болу шартымен зейнетақы аннуитеті шартын жасайды.

4. Қор (қорлар) зейнетақы аннуитетін сатып алу үшін зейнетақы жинақтарын сақтанушының таңдауы бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарының біріне жібереді.

5. Зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақысының және сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу үшін істі жүргізуге арналған шығыстары ескерілген ағымдағы құн факторы пайдаланылады.

6. Ағымдағы құн факторы Әдістемеге 1-қосымшаның 1-тармағына сәйкес шарттың қолданылу кезеңіне айқындалады.

7. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 59-бабының 1, 2, және 4-тармақтарында көрсетілген адамдар үшін зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігі айлық сақтандыру төлемінің, іс жүргізуге арналған шығыстар ескерілген ағымдағы құн факторы және 12-нің туындысынан кем емес соманы білдіреді.

Зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігі Әдістемеге 1-қосымшаның 2-тармағына сәйкес есептеледі.

Зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігі және біржолғы төлемі ескерілген сақтандыру сыйлықақысы Әдістемеге 1-қосымшаның 3-тармағына сәйкес есептеледі.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 59-бабының 3-тармағында көрсетілген адамдар үшін зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігі есептелмейді.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 59-бабының 3-тармағында көрсетілген адамдар үшін зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы Әдістемеге 1-қосымшаның 4-тармағына сәйкес есептеледі.

8. Егер тараптардың келісімі бойынша зейнетақы аннуитеті шартында кепілдік берілген төлемдер көзделсе, сақтандыру сыйлықақысын және зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігін есептеу Әдістемеге 1-қосымшаның 5-тармағына сәйкес есептеледі.

9. Зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігін сақтандыру ұйымының штатындағы актуарий есептейді.

10. Сақтандыру ұйымдары зейнетақы аннуитеті шарты бойынша болашақ сақтандыру төлемдерінің ағымдағы құн факторын есептеген кезде Әдістемеге 2-қосымшада көрсетілген осындай көрсеткіштерден аспайтын өлім-жітім көрсеткіштерін пайдаланады.

11. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеген кезде ұлттық валютадағы жылдық 6 (алты) пайыздан аспайтын мөлшердегі кірістіліктің тиімді жылдық пайыздық мөлшерлемесі пайдаланылады.

12. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша мерзімдік сақтандыру төлемінің мөлшері осы Әдістемеге 1-қосымшаның 6-тармағына сәйкес айқындалады.

13. Бірінші мерзімдік сақтандыру төлемі жинақтаушы қор (қорлар) сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтары сомасын аударған сәттен бастап он жұмыс күннен кешіктірмей жүргізіледі.

Мерзімдік сақтандыру төлемдерінің мөлшері зейнетақы аннуитеті шарты қолданыста болған кезең ішінде азаймайды.

Мерзімдік сақтандыру төлемдері ай сайынғы, тоқсан сайынғы, жарты жылдық және жылдық негізде жүзеге асырылады.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 59-бабының 1, 2 және 4-тармақтарында көрсетілген адамдар үшін тоқсан сайынғы, немесе жарты жылдық, немесе жылдық негізде жүзеге асырылатын мерзімдік сақтандыру төлемдерінің сомасы жыл бойы ай сайынғы негізде жүзеге асырылатын мерзімдік сақтандыру төлемдерінің сомасы мәнінен кем болмайды.

14. Сақтандыру төлемдерінің мөлшері жыл сайын зейнетақы аннуитеті шартының қолданыста болу кезеңі ішінде индекстеу мөлшерлемесі мөлшеріне өсіп отырады.

Индекстеу мөлшерлемесі зейнетақы аннуитеті шартында көрсетіледі және 5 (бес) пайыз мөлшерінде белгіленеді.

Индекстеу ескерілген сақтандыру төлемдері мөлшерінің өзгерістері зейнетақы аннуитеті шартының қосымшасында сақтандыру төлемдері кестесі түрінде көрсетіледі. Бастапқыда зейнетақы аннуитеті шартын жасаған кезде Тараптармен келісілген және қол қойылған сақтандыру төлемдерінің кестесі шарттың қолданылу кезеңі ішінде сақтандыру төлемдері ұлғайған жағдайда өзгереді.

15. Сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеген кезде ағымдағы факторы, аннуитеттік фактордың барлық өлшемдері жылдық көрсетуде пайдаланылады.

16. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша мирасқорлардың зейнетақы аннуитеті шартында көзделген, белгіленген сақтандыру төлемдері кестесіне сәйкес сақтандыру ұйымы төлемеген кепілдік берілген сақтандыру төлемдерін, сақтанушы оларды тірі кезінде толық көлемде алмаған не алмаған жағдайда, алуға құқығы бар.

Сақтанушы қайтыс болған жағдайда, сақтандыру ұйымы отбасына не жерлеген адамға төленетін жерлеуге арналған жәрдемақы түрінде зейнетақы аннуитеті шартында белгіленген мөлшерде, бірақ тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген он бес еселенген айлық есептік көрсеткіштен кем емес мөлшерде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

17. Сақтандыру ұйымы мен сақтанушының арасындағы зейнетақы аннуитеті шарты Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 60-бабында көзделген тәртіппен, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары, сондай-ақ сақтанушының ақшасы есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалана отырып жасалады.

18. Сақтанушы зейнетақы аннуитеті шарты жасалған күннен кейінгі күнтізбелік он күн ішінде қорды

(қорларды) зейнетақы аннуитеті шартының бір түпнұсқалық данасын ұсына отырып хабардар етеді. Хабарлама еркін нысанда ресімделеді.

Зейнетақы аннуитеті шартын жасау үшін зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған жағдайда, сақтанушы зейнетақы аннуитеті шартының бір түпнұсқалық данасын ұсына отырып, қорды (қорларды) сақтандыру ұйымына сақтандыру сыйлықақысының жетіспейтін бөлігін меншікті ақшасы есебінен төлегеннен кейін, бірақ осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімнен кешіктірмей хабардар етеді. Хабарлама еркін нысанда ресімделеді.

Сақтанушының сақтандыру ұйымына сақтандыру сыйлықақысының жетіспейтін бөлігін төлеу зейнетақы аннуитеті шартын жасаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

19. Қор (қорлар) зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасын алған күннен бастап бес жұмыс күннен кешіктірмейтін мерзімде алушының зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударады.

20. Сақтандыру ұйымы жазбаша немесе зейнетақы аннуитеті шарты тараптарының келісімімен белгіленген тәсілімен сақтанушыны зейнетақы жинақтарының келіп түскені туралы оларды сақтандыру ұйымының шотына есепке алынған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде хабардар етеді. Сақтандыру ұйымының хабарламасында келіп түскен зейнетақы жинақтарының сомасы көрсетіледі.

Сақтандыру ұйымы не тәуелсіз сарапшы зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша жүзеге асыратын сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесіне
1-қосымша

Ағымдағы құн факторының, зейнетақы жинақтары жеткіліктілігінің, сақтандыру сыйлықақысының және сақтандыру төлемінің есебі

1. Ағымдағы құн факторы алушының зейнетақы аннуитеті шартын жасау күніндегі жасынан жыл ішіндегі сақтандыру төлемін алу жасына дейінгі өмір сүру көрсеткіші (көрсеткіштері) туындыларының және тиісті дәрежедегі дисконттаушы фактордың және индекстеу мөлшерлемесі сомасы ретінде анықталады.

$$\ddot{a}_{x:\overline{n}|} = \sum_{t=0}^{n-1} v^t \cdot {}_t p_x \cdot (1+j)^t,$$

мұнда:

$\ddot{a}_{x:\overline{n}|}$ - ағымдағы құн факторы;

$v = \frac{1}{1+i}$ - дисконттаушы фактор;

i - кірістіліктің тиімді пайыздық мөлшерлемесі;

j – индекстеу мөлшерлемесі;

${}_t p_x$ - аннуитенттің x жасынан $x+t$ жасына дейін өмір сүру ықтималы;

x - аннуитет төлемдерін алуды бастау күніндегі аннуитенттің жасы;

t – аннуитет төлемдерін алуды бастау күнінен кейінгі жылдар саны;

n – аннуитет төлемдерін алған жылдардың саны.

Сақтандыру ұйымының шығыстары ескерілген ағымдағы құн факторы:

$$\ddot{a}_{x:\overline{n}|} \cdot \frac{(1+d)}{(1-\tilde{n})},$$

мұнда:

$\ddot{a}_{x:\overline{n}|}$ - ағымдағы құн факторы;

c - сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінен істі жүргізуге жұмсалатын шығыстар (пайызбен);

d - сақтандыру төлемі мөлшерінен істі жүргізуге жұмсалатын шығыстар (пайызбен).

2. Егер мына талап орындалса, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 59-бабының 1, 2 және 4-тармақтарына сәйкес жасалған зейнетақы аннуитеті шарты бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы жеткілікті болып табылады:

$$\dot{Q} \geq \mathcal{L} \cdot \mathcal{D} \cdot \ddot{a}_{x:\overline{n}|} \cdot \frac{(1+d)}{(1-\tilde{n})},$$

мұнда:

ЗА – зейнетақы жинақтары сомасы;

СТ - зейнетақы аннуитеті шартын жасау күні қолданыста болған тиісті қаржы жылында арналған

республикалық бюджет туралы заңында белгіленген ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен емес сақтандыру төлемінің мөлшері;

$\ddot{a}_{x:n|}$ - ағымдағы құн факторы;

c - сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінен істі жүргізуге жұмсалатын шығыстар (пайызбен);

d - сақтандыру төлемі мөлшерінен істі жүргізуге жұмсалатын шығыстар (пайызбен).

3. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша біржолғы төлем ескерілген зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігі және сақтандыру сыйлықақысы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\tilde{N} \geq \dot{Q} \geq \dot{O} + \mathcal{L} \cdot \dot{N} \cdot \ddot{a}_{x:n|} \cdot \frac{(1+d)}{(1-\tilde{n})},$$

мұнда:

СС – сақтандыру сыйлықақысы;

ЗА – зейнетақы жинақтары сомасы;

БТ – біржолғы сақтандыру төлемі;

СТ - зейнетақы аннуитеті шартын жасау күні қолданыста болған тиісті қаржы жылында арналған республикалық бюджет туралы заңында белгіленген ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен емес сақтандыру төлемінің мөлшері;

$\ddot{a}_{x:n|}$ - ағымдағы құн факторы;

c - сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінен істі жүргізуге жұмсалатын шығыстар (пайызбен);

d - сақтандыру төлемі мөлшерінен істі жүргізуге жұмсалатын шығыстар (пайызбен).

4. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 59-бабының 3-тармағында көрсетілген адамдар үшін зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\tilde{N} = \dot{O} + m \cdot \dot{N} \cdot \ddot{a}_{x:n|} \cdot \frac{(1+d)}{(1-\tilde{n})},$$

мұнда:

СС – сақтандыру сыйлықақысы;

БТ – біржолғы сақтандыру төлемі;

m – жыл ішінде төлемдерді алу мерзімділігі ($m=1,2,4$ не 12):

$m=12$, егер сақтандыру төлемдері ай сайын жүзеге асырылса;

$m=4$, егер сақтандыру төлемдері тоқсан сайын жүзеге асырылса;

$m=2$, егер сақтандыру төлемдері жарты жылда бір рет жүзеге асырылса;

$m=1$, егер сақтандыру төлемдері жыл сайын жүзеге асырылса;

СТ – сақтандыру төлемінің мөлшері;

$\ddot{a}_{x:n|}$ - ағымдағы құн факторы;

c - сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінен істі жүргізуге жұмсалатын шығыстар (пайызбен);

d - сақтандыру төлемі мөлшерінен істі жүргізуге жұмсалатын шығыстар (пайызбен).

5. Кепілдік берілген сақтандыру төлемдері көзделген зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы және зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\tilde{N} \geq \dot{Q} \geq \dot{O} + \mathcal{L} \cdot \dot{N} \cdot \ddot{a}_{x:n|} \cdot \frac{(1+d)}{(1-\tilde{n})},$$

мұнда:

$$\ddot{a}_{x:\overline{n}|} = \ddot{a}_{\overline{e}|} + \ddot{a}_{x+k:\overline{i}|} \cdot {}_k p_x \cdot v^e;$$

$\ddot{a}_{\overline{e}|}$ - зейнетақы аннуитеті шартын жасау күнінен бастап кепілдік берілген сақтандыру төлемдерінің мерзімі аяқталғанға дейінгі тиісті дәрежедегі дисконттаушы фактор сомасын білдіретін аннуитеттік фактор;

$\ddot{a}_{x+k:\overline{i}|}$ - k жылға кейін қалдырылған аннуитеттік фактор;

$x+k$ - аннуитет төлемдерін алуды бастау күніндегі аннуитенттің жасы;

n – аннуитет төлемдерін алған жылдардың саны;

k – кепілдік берілген сақтандыру төлемдерін алған жылдардың саны;

СС – сақтандыру сыйлықақысы;

ЗА – зейнетақы жинақтары сомасы;

БТ – біржолғы сақтандыру төлемі;

СТ - зейнетақы аннуитеті шартын жасау күні қолданыста болған тиісті қаржы жылында арналған республикалық бюджет туралы заңында белгіленген ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен емес сақтандыру төлемінің мөлшері.

6. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша мерзімдік сақтандыру төлемінің мөлшері төмендегідей айқындалады:

$$\ddot{a}_{x:\overline{n}|} = \frac{\ddot{N} - \ddot{O}}{m \cdot \ddot{a}_{x:\overline{n}|} \cdot \frac{(1+d)}{(1-\ddot{n})}},$$

мұнда:

СТ – сақтандыру төлемінің мөлшері;

СС – сақтандыру сыйлықақысы;

БТ – біржолғы сақтандыру төлемі;

m – жыл ішінде төлемдерді алу мерзімділігі ($m=1,2,4$ не 12):

$m=12$, егер сақтандыру төлемдері ай сайын жүзеге асырылса;

$m=4$, егер сақтандыру төлемдері тоқсан сайын жүзеге асырылса;

$m=2$, егер сақтандыру төлемдері жарты жылда бір рет жүзеге асырылса;

$m=1$, егер сақтандыру төлемдері жыл сайын жүзеге асырылса;

$\ddot{a}_{x:\overline{n}|}$ – ағымдағы құн факторы;

c - сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінен істі жүргізуге жұмсалатын шығыстар (пайызбен);

d - сақтандыру төлемі мөлшерінен істі жүргізуге жұмсалатын шығыстар (пайызбен).

Сақтандыру ұйымы не тәуелсіз
сарапшы зейнетақы аннуитеті шарттары
бойынша жүзеге асыратын сақтандыру
сыйлықақысын және сақтандыру
төлемін есептеу әдістемесіне
2-қосымша

*Зейнетақы аннуитеттері бойынша сақтандыру төлемдерін есептеуге
арналған өлім-жітім көрсеткіштері*

Жасы	Ерлер	Әйелдер
25	0,0024481809	0,0006274238
26	0,0025943697	0,0006676971
27	0,0027233502	0,0007056074
28	0,0028425047	0,0007412992
29	0,0029577995	0,0007767228
30	0,0030798642	0,0008119244
31	0,0032114459	0,0008505828
32	0,0033612022	0,0008924813
33	0,0035291163	0,0009385639
34	0,0037197668	0,0009906002
35	0,0039348729	0,0010483273
36	0,0041784741	0,0011163161
37	0,0044493232	0,0011944894
38	0,0047483920	0,0012837138
39	0,0050708321	0,0013820340
40	0,0054208771	0,0014874267
41	0,0057993651	0,0016000204
42	0,0062130588	0,0017212900
43	0,0066625747	0,0018544187
44	0,0071474184	0,0020023703
45	0,0076680100	0,0021676861
46	0,0082244930	0,0023516809
47	0,0088216652	0,0025538640
48	0,0094584171	0,0027714017
49	0,0101280734	0,0030039882
50	0,0108212272	0,0032509632
51	0,0115228363	0,0035141552
52	0,0122233730	0,0037896536
53	0,0129133803	0,0040738105
54	0,0135955053	0,0043618174
55	0,0142859526	0,0046536866
56	0,0150084234	0,0049548709
57	0,0157948684	0,0052740418
58	0,0166676936	0,0056276768
59	0,0176400368	0,0060313270
60	0,0187181346	0,0065036410
61	0,0199037048	0,0070585173
62	0,0212196935	0,0077140411

Жасы	Ерлер	Әйелдер
69	0,0350858599	0,0162382933
70	0,0378016624	0,0182951136
71	0,0407143335	0,0206292088
72	0,0438107362	0,0232341066
73	0,0470696180	0,0260982484
74	0,0504811467	0,0292280131
75	0,0540616273	0,0326530238
76	0,0578665497	0,0364307871
77	0,0619843680	0,0406359180
78	0,0664916973	0,0453425305
79	0,0714740982	0,0506171641
80	0,0769774599	0,0565051459
81	0,0830319346	0,0630317637
82	0,0896147271	0,0702018558
83	0,0966845108	0,0779949274
84	0,1042579696	0,0864008004
85	0,1122879396	0,0954219949
86	0,1207280202	0,1050267964
87	0,1295129290	0,1151705866
88	0,1385844507	0,1258039246
89	0,1481204333	0,1369032122
90	0,1582202894	0,1485338001
91	0,1691737115	0,1610224830
92	0,1809266576	0,1738000217
93	0,1934419461	0,1871487399
94	0,2065024009	0,2007375293
95	0,2203274393	0,2150498902
96	0,2350011690	0,2300562069
97	0,2507578103	0,2455860090
98	0,2673864944	0,2613597427
99	0,2847965003	0,2771617489
100	0,3046228561	0,2955023955
101	0,3275264532	0,3170455227
102	0,3549860330	0,3437003847
103	0,3868036658	0,3745180950
104	0,4235753219	0,4101464523
105	0,4660173959	0,4516534218
106	0,5147843396	0,5000418052

63	0,0226839310	0,0084825984
64	0,0243147043	0,0093742669
65	0,0261183219	0,0103971349
66	0,0280940488	0,0115659366
67	0,0302425933	0,0129055099
68	0,0325700636	0,0144510322

107	0,5634808009	0,5490524338
108	0,6239580347	0,6110982356
109	0,7883509815	0,7810056771
110	1,0000000000	1,0000000000

*Жасалатын зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша істі жүргізуге жұмсалатын
сақтандыру ұйымы шығыстарының жол берілетін деңгейі*

Жасалатын зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша сақтандыру төлемдерінің мөлшерін анықтаған кезде сақтандыру ұйымының іс жүргізуге жұмсалатын комиссиялық сыйақыны қоса алғандағы шығыстары біржолғы төлемі шегерілген сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінің 3 (үш) пайызынан және әрбір сақтандыру төлемінің 3 (үш) пайызынан аспайды.

Нақты төленген комиссиялық сыйақының мөлшері зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін анықтаған кезде есептелген комиссиялық сыйақының мөлшерінен артық болмайды.

Зейнетақы аннуитеті шарты мерзімнен бұрын тоқтатылған жағдайда сақтандыру ұйымының іс жүргізуге жұмсалатын комиссиялық сыйақыны қоса алғандағы шығыстары біржолғы төлемі шегерілген сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінің 3 (үш) пайызынан және жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің 3 (үш) пайызынан аспайды.

Зейнетақы аннуитеті үлгі шарты

(«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан
Республикасы Заңының

59-бабының 1, 2 және 4-тармақтарында аталған тұлғалар үшін)

20__ ж. «__» _____

№ _____

Сақтандыру ұйымы _____,

(сақтандыру ұйымының толық атауы және орналасқан жері)

бұдан әрі – «Сақтандырушы» деп аталады, Жарғы және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу,
бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) «өмірді сақтандыру»
саласы бойынша «аннуитеттік сақтандыру» сыныбы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру
құқығына берген 200__ жылғы «__» _____ № _____ Лицензия, Сақтандырушы бекіткен
«аннуитеттік сақтандыру» сыныбы бойынша сақтандыру қағидалары негізінде іс-әрекет жасайтын

_____ (лауазымы, тегі, аты, бар болса - әкесінің аты)

арқылы бір жағынан, және азамат _____

_____ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты, туылған күні,

_____ Жеке куәлігі (паспорт) сериясы __№__, берілген күні, кім берді),

бұдан әрі – «Сақтанушы» деп аталады, екінші жағынан, бірлесіп «Тараптар» деп аталады, осымен
Зейнетақы аннуитеті шартын (бұдан әрі – Шарт) мына төмендегілер жайында жасады:

1. Шарттың мәні

1.1. Сақтанушы Шартқа сәйкес сақтандыру сыйлықақысы сомасын Сақтандырушыға беруге
міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін Сақтанушының пайдасына өмір бойы жүзеге
асыруға міндеттенеді.

2. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу және сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

2.1. Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысының мөлшері _____ теңгені құрайды, оның
ішінде зейнетақы жинақтарының сомасы _____ теңге, зейнетақы жинақтарының ____% құрайды.

2.2. Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын төлеу біржолғы төлеммен және толық көлемде
жүзеге асырылады.

2.3. Сақтандыру төлемі «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының 59, 63-баптарына сәйкес _____

_____ мерзімділікпен
(ай сайынғы, тоқсан сайынғы, жарты жылдық, жылдық)

айдың _____ күніне дейін жүзеге асырылады.

Бірінші сақтандыру төлемі Сақтандырушыға зейнетақы жинақтарын аударған күннен бастап 10 (он)

жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады.

2.4. Шарттың 2.3-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын мерзімдік сақтандыру төлемінің мөлшері _____ теңгені құрайды.

2.5. Бір жолғы сақтандыру төлемінің мөлшері (бар болса) _____ Сақтандырушыға аударылатын зейнетақы жинақтарының сомасына байланысты мынадай:

2.5.1. егер аударылатын зейнетақы жинақтарының сомасы Шарт жасалған күні қолданыста болған тиісті қаржы жылында арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 7 000 еселенген мөлшерінен аспаса, сақтандыру сыйлықақысы сомасының он пайызынан астам емес;

2.5.2. егер аударылатын зейнетақы жинақтарының сомасы Шарт жасалған күні қолданыста болған тиісті қаржы жылында арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 7 000 еселенген мөлшерінен асса, бірақ айлық есептік көрсеткіштің 15 000 еселенген мөлшерінен артық болмаса, сақтандыру сыйлықақысы сомасының 20 пайызынан астам емес;

2.5.3. егер аударылатын зейнетақы жинақтарының сомасы Шарт жасалған күні қолданыста болған тиісті қаржы жылында арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 15 000 еселенген мөлшерінен асса, сақтандыру сыйлықақысы сомасының отыз пайызынан астам емес мөлшерде белгіленеді.

Салымшы Шартты жасағаннан кейін қалған не жаңадан қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын жинақтаушы зейнетақы қорынан ішінара немесе толық аударған кезде Сақтандырушыға бір жолғы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға жол берілмейді.

2.6. Индекстеу мөлшерлемесінің мөлшері _____% құрайды. Зейнетақы аннуитеті бойынша төлемдер индекстеу мөлшерлемесінің мөлшеріне жыл сайын өсіріледі. Индекстеу ескерілген сақтандыру төлемдері мөлшерінің өзгерістері «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 1, 2 және 4-тармақтарында көрсетілген Зейнетақы аннуитеті үлгі шартының 1- қосымшасына сәйкес Шарттың қосымшасында Сақтандыру төлемдерінің кестесі түрінде көрсетіледі.

2.7. Кепілдік берілген сақтандыру төлемдерін (бар болса) жүзеге асыру кезеңі _____ жыл құрайды, 20__ жылғы «__» _____ бастап 20__ жылғы «__» _____ дейін.

2.8. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіпте төлем көзінен салық салынатын Сақтанушының кірісінен есептелген салық сомасын ұстап қалады

2.9. Сақтандырушы сақтандыру төлемін Сақтанушының Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде ашылған банк шотына аударады. Сақтандыру төлемдері сомаларын аударумен, есепке алумен және төлеумен байланысты банктік қызметтерге ақы төлеу Сақтандырушының меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2.10. Сақтанушы қайтыс болған жағдайда, Сақтандырушы отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға _____ теңге мөлшерінде, бірақ тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 15 еселенген мөлшерінен кем емес жерлеуге арналған жәрдемақы түріндегі сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

2.11. Сақтанушы қайтыс болған жағдайда оның мирасқорларының Шартта көзделген, Сақтандырушы төлемеген кепілдік берілген сақтандыру төлемдерін, сақтанушы оларды тірі кезінде толық көлемде алмаған не алмаған жағдайда, алуға құқығы бар.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Сақтанушы:

3.1.1. Сақтандырушы жүргізген сақтандыру төлемдерінің есебімен танысуға;

3.1.2. Сақтандырушы жүзеге асыратын сақтандыру төлемдері мөлшерінің есебін жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыларды тартуға;

3.1.3. Шартты жоғалтқан жағдайда оның көшірмесін алуға;

3.1.4. Шартты жасау үшін және Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу үшін міндетті

зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтары сомасы жеткіліксіз болса, ерікті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ ақшаны пайдалануға құқылы.

3.2. Сақтанушы:

3.2.1. Шарт жасалған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын Шарттың түпнұсқасын бере отырып, хабардар етуге;

3.2.2. Шарт мерзімнен бұрын тоқтатылған кезде, басқа сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасаған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Сақтандырушыға жаңа зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасын бере отырып, Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан бір жақты тәртіппен бас тартуға міндетті.

3.3. Сақтандырушы:

3.3.1. Сақтанушыны сақтандыру төлемдері мөлшерінің есебімен таныстыруға;

3.3.2. Шартты үш данада ресімдеуге, оның екеуі Сақтанушыға беріледі;

3.3.3. басқа сақтандыру ұйымымен жасалған зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасын алған сәттен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде сатып алу сомасын осы зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілген сақтандыру ұйымына аударуға;

3.3.4. Шартта көзделген сақтандыру төлемдерін уақтылы жүзеге асырмаған кезде Сақтанушыға әрбір кешіктірілген күнге төленбеген соманың 1,5 пайызы мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

3.3.5. Сақтанушы қайтыс болған жағдайда, отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға Шартта белгіленген мөлшерде, бірақ тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 15 еселенген мөлшерінен кем емес жерлеуге арналған жәрдемақы түріндегі сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

4. Міндеттемелерін орындамаған жағдайдағы Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Егер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамау не тиісінше орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының: су тасқыны, жер сілкінісі, табиғат апаты, қоршау, ереуіл, әскери іс-қимылдары, террорлық актілер және өзге де Тараптар алдын ала болжай алмаған және Шарттың орындалуына тікелей әсер еткен басқа жағдайлар басталуының салдары болып табылғанда, Тараптар ол үшін жауапкершіктен босатылады.

4.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі болмаған Тарап, дереу, бірақ күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей, басқа Тарапқа Шарттың 4.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың басталғаны туралы хабарлайды.

5. Басқа да талаптар

5.1. Шарт Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде жасалады.

5.2. Шарт Сақтандырушыға зейнетақы жинақтары сомасын аударған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болып табылады.

5.3. Шартты жасау үшін зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған жағдайда:

5.3.1. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысының жетіспейтін бөлігін Шарт жасалған күнінен бастап үш жұмыс күннен кешіктірмей Сақтандырушыға төлейді;

5.3.2. Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысының жетіспейтін бөлігін меншікті ақшасы есебінен төлегеннен кейін Сақтанушы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын Шарттың бір түпнұсқалық данасын ұсына отырып, Шарт жасалған күннен кейінгі күнтізбелік он күн ішінде хабардар етеді. Хабарлама еркін нысанда ресімделеді.

5.4. Сақтанушы, зейнетақы жинақтары сомасының жеткіліктілігі туралы ақпаратты қамтитын зейнетақы аннуитеті шарты бойынша қорытынды Зейнетақы аннуитеті үлгі шартына («Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 1, 2 және 4-тармақтарында аталған тұлғалар үшін) 2-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

5.5. Шарт _____ қолданыста болады.

5.6. Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделеді және оған

Тараптар қол қояды.

5.7. Шарт заңды күші бірдей ___ данада, ___ данасы мемлекеттік тілде және ___ данасы орыс тілінде жасалды.

5.8. Шарт жасаған адам ол жасалған күнінен бастап оны екі жыл бойы бұзуға құқылы емес.

Шартты басқа сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жас ау талабымен мерзімнен бұрын тоқтатуға болады. Шартты мерзімнен бұрын тоқтатқан кезде онда көзделген сатып алу сомасы төленген сақтандыру сыйлықақысының жүзеге асырылған сақтандыру төлемдері сомасы мен Сақтандырушының іс жүргізуге жұмсалған шығыстары шегерілген сомасынан кем болмауы тиіс.

Жаңадан жасалған зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан айлық сақтандыру төлемінің мөлшері зейнетақы аннуитеті шартын жасау күні қолданыстағы зейнетақының ең төменгі мөлшерінен кем болмауы тиіс.

5.9. Шарт мерзімнен бұрын тоқтатылған кезде комиссиялық сыйақыны қосалғанда Сақтандырушының іс жүргізуге арналған шығыстары біржолғы төлемі шегерілген сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінің 3 (үш) пайызынан және жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерінің 3 (үш) пайызынан аспайды.

6. Дауларды шешу тәртібі

6.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған кезде Тараптар оларды соттан тыс тәртібімен реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

6.2. Егер Тараптар келісімге келмесе даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотта қаралады.

7. Тараптардың деректемелері және қолдары

САҚТАНДЫРУШЫ

(Сақтандырушының, филиалдың атауы, мекенжайы, телефон, банк деректемелері (банктің атауы, ағымдағы шоттың №)

(Сақтандырушы өкілінің қолы)

Күні _____

Мөр орны

САҚТАНУШЫ

(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты, мекенжайы, телефондары) ЖСН _____ банк деректемелері (банктің атауы, шоттың №)

(Сақтанушының қолы)

Күні _____

Зейнетақы аннуитеті үлгі шартына
(«Қазақстан Республикасында зейнетақымен
қамсыздандыру туралы» Қазақстан
Республикасы Заңының
59-бабының 1, 2 және 4-тармақтарында
аталған тұлғалар үшін)
1-қосымша

Сақтандыру төлемдері кестесі

Төлеу күні	Мерзімдік сақтандыру төлемінің мөлшері (теңге)

Актuariйдің қолы _____

Зейнетақы аннуитеті үлгі шартына
 («Қазақстан Республикасында зейнетақымен
 қамсыздандыру туралы» Қазақстан
 Республикасы Заңының
 59-бабының 1, 2 және 4-тармақтарында
 аталған тұлғалар үшін)
 2-қосымша

20__ ж. «__» _____ №_____ зейнетақы аннуитеті шартына қорытынды

Сақтанушы (аннуитент) туралы ақпарат	
Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты	
Туылған күні/жасы	
Жынысы	
Зейнетақы аннуитеті шартын жасау негіздемесі	
Сақтандыру сыйлықақысының сомасы	
Біржолғы төлемнің мөлшері (бар болса)	
Аннуитет төлемдерін жүзеге асыру мерзімі	
Кепілдік берілген аннуитеттік төлемдердің жүзеге асыру мерзімі (бар болған жағдайда)	20 __ ж. «__» _____ бастап 20 __ ж. «__» _____ дейін
Кірістіліктің тиімді жылдық пайыздық мөлшерлемесі	
Ағымдағы құн факторы	
Кепілдік берілген сақтандыру төлемдері ескерілген ағымдағы құн факторы (бар болса)	
Индекстеу мөлшерлемесінің мөлшері	
Бірінші мерзімдік сақтандыру төлемінің мөлшері	
Зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін зейнетақы жинақтарының жеткілікті сомасы	

«Зейнетақы аннуитеті шартын жасау негіздемесі» бағанында зейнетақы аннуитеті шартын жасауға негіз болған «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормасын (нормаларын) көрсету қажет

Күні _____

Актуарий, қолы _____

Заң бөлімшесі, қолы _____

Бөлімше басшысы, қолы _____

Зейнетақы аннуитеті үлгі шарты

(«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының

59-бабының 3-тармағында аталған тұлғалар үшін)

20__ ж. «__» _____

№ _____

Сақтандыру ұйымы _____,

(сақтандыру ұйымының толық атауы және орналасқан жері)

бұдан әрі – «Сақтандырушы» деп аталады, Жарғы және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) «өмірді сақтандыру» саласы бойынша «аннуитеттік сақтандыру» сыныбы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берген 200__ жылғы «__» _____ № _____ Лицензия, Сақтандырушы бекіткен «аннуитеттік сақтандыру» сыныбы бойынша сақтандыру қағидалары негізінде іс-әрекет жасайтын

_____ (лауазымы, тегі, аты, бар болса - әкесінің аты)

арқылы бір жағынан, және азамат _____

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты, туылған күні, _____)

_____ Жеке куәлігі (паспорт) сериясы __№__, берілген күні, кім берді),

бұдан әрі – «Сақтанушы» деп аталады, екінші жағынан, бірлесіп «Тараптар» деп аталады, осымен Зейнетақы аннуитеті шартын (бұдан әрі – Шарт) мына төмендегілер жайында жасады:

1. Шарттың мәні

1.1. Сақтанушы Шартқа сәйкес өзінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының елу пайызынан артық емес мөлшердегі соманы Сақтандырушыға беруге міндеттенеді, ал Сақтандырушы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағында көрсетілген жасқа жеткенге дейінгі мерзімге Сақтанушының пайдасына сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға міндеттенеді.

2. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу және сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

2.1. Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысының (зейнетақы жинақтарының) мөлшері _____ теңге, зейнетақы жинақтарының _____% құрайды.

2.2. Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын төлеу біржолғы төлеммен және толық көлемде төлеуді жүзеге асырылады

2.3. Сақтандыру төлемі «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 59, 63-баптарына сәйкес _____ мерзімділікпен

(ай сайынғы, тоқсан сайынғы, жарты жылдық, жылдық)

айдың _____ күніне дейін жүзеге асырылады.

Бірінші сақтандыру төлемі Сақтандырушыға зейнетақы жинақтарын аударған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады.

2.4. Шарттың 2.3-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын мерзімдік сақтандыру төлемінің мөлшері _____ теңгені құрайды.

2.5. Бір жолғы сақтандыру төлемінің мөлшері (бар болса) _____ Сақтандырушыға аударылатын зейнетақы жинақтарының сомасына байланысты мынадай:

2.5.1. егер аударылатын зейнетақы жинақтарының сомасы Шарт жасалған күні қолданыста болған

тиісті қаржы жылында арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 7 000 еселенген мөлшерінен аспаса, сақтандыру сыйлықақысы сомасының 10 пайызынан астам емес;

2.5.2. егер аударылатын зейнетақы жинақтарының сомасы Шарт жасалған күні қолданыста болған тиісті қаржы жылында арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 7 000 еселенген мөлшерінен асса, бірақ айлық есептік көрсеткіштің 15 000 еселенген мөлшерінен артық болмаса, сақтандыру сыйлықақысы сомасының 20 пайызынан астам емес;

2.5.3. егер аударылатын зейнетақы жинақтарының сомасы Шарт жасалған күні қолданыста болған тиісті қаржы жылында арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 15 000 еселенген мөлшерінен асса, сақтандыру сыйлықақысы сомасының 30 пайызынан астам емес мөлшерде белгіленеді.

Салымшы Шартты жасағаннан кейін қалған не жаңадан қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын жинақтаушы зейнетақы қорынан ішінара немесе толық аударған кезде Сақтандырушыға бір жолғы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға жол берілмейді.

2.6. Индекстеу мөлшерлемесінің мөлшері _____% құрайды. Зейнетақы аннуитеті бойынша төлемдер индекстеу мөлшерлемесінің мөлшеріне жыл сайын өсіріледі. Индекстеу ескерілген сақтандыру төлемдері мөлшерінің өзгерістері «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 3-тармағында көрсетілген Зейнетақы аннуитеті үлгі шартының 1-қосымшасына сәйкес Шарттың қосымшасында Сақтандыру төлемдерінің кестесі түрінде көрсетіледі.

2.7. Кепілдік берілген сақтандыру төлемдерін (бар болса) жүзеге асыру кезеңі _____ жыл құрайды, 20__ жылғы «__» _____ бастап 20__ жылғы «__» _____ дейін.

2.8. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіпте төлем көзінен салық салынатын Сақтанушының кірісінен есептелген салық сомасын ұстап қалады.

2.9. Сақтандырушы сақтандыру төлемін Сақтанушының Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде ашылған банк шотына аударады. Сақтандыру төлемдері сомаларын аударумен, есепке алумен және төлеумен байланысты банктік қызметтерге ақы төлеу Сақтандырушының меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2.10. Сақтанушы қайтыс болған жағдайда, Сақтандырушы отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға _____ теңге мөлшерінде, бірақ тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 15 еселенген мөлшерінен кем емес жерлеуге арналған жәрдемақы түріндегі сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

2.11. Сақтанушы қайтыс болған жағдайда оның мирасқорларының Шартта көзделген, Сақтандырушы төлемеген кепілдік берілген сақтандыру төлемдерін, сақтанушы оларды тірі кезінде толық көлемде алмаған не алмаған жағдайда, алуға құқығы бар.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Сақтанушы:

3.1.1. Сақтандырушы жүргізген сақтандыру төлемдерінің есебімен танысуға;

3.1.2. Сақтандырушы жүзеге асыратын сақтандыру төлемдері мөлшерінің есебін жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыларды тартуға;

3.1.3. Шартты жоғалтқан жағдайда оның көшірмесін алуға құқылы.

3.2. Сақтанушы:

3.2.1. Шарт жасалған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын Шарттың түпнұсқасын бере отырып, хабардар етуге;

3.2.2. Шарт мерзімнен бұрын тоқтатылған кезде, басқа сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасаған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Сақтандырушыға жаңа зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасын бере отырып, Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан бір жақты тәртіппен бас тартуға міндетті.

3.3. Сақтандырушы:

3.3.1. Сақтанушыны сақтандыру төлемдері мөлшерінің есебімен таныстыруға;

3.3.2. Шартты үш данада ресімдеуге, оның екеуі Сақтанушыға беріледі;

3.3.3. басқа сақтандыру ұйымымен жасалған зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасын алған сәттен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде сатып алу сомасын осы зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілген сақтандыру ұйымына аударуға;

3.3.4. Шартта көзделген сақтандыру төлемдерін уақтылы жүзеге асырмаған кезде Сақтанушыға әрбір кешіктірілген күнге төленбеген соманың 1,5 пайызы мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

3.3.5. Сақтанушы қайтыс болған жағдайда, отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға Шартта белгіленген мөлшерде, бірақ тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 15 еселенген мөлшерінен кем емес жерлеуге арналған жәрдемақы түріндегі сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

4. Міндеттемелерін орындамаған жағдайдағы Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Егер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамау не тиісінше орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының: су тасқыны, жер сілкінісі, табиғат апаты, қоршау, ереуіл, әскери іс-қимылдары, террорлық актілер және өзге де Тараптар алдын ала болжай алмаған және Шарттың орындалуына тікелей әсер еткен басқа жағдайлар басталуының салдары болып табылғанда, Тараптар ол үшін жауапкершіктен босатылады.

4.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі болмаған Тарап, дереу, бірақ күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей, басқа Тарапқа Шарттың 4.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың басталғаны туралы хабарлайды.

5. Басқа да талаптар

5.1. Шарт Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде жасалады.

5.2. Шарт Сақтандырушыға зейнетақы жинақтары сомасын аударған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болып табылады.

5.3. Сақтанушы, зейнетақы жинақтары сомасының жеткіліктілігі туралы ақпаратты қамтитын зейнетақы аннуитеті шарты бойынша қорытынды Зейнетақы аннуитеті үлгі шартына («Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 3-тармағына аталған тұлғалар үшін) 2-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

5.4. Шарт _____ қолданыста болады.

5.5. Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделеді және оған Тараптар қол қояды.

5.6. Шарт заңды күші бірдей __ данада, __ данасы мемлекеттік тілде және __ данасы орыс тілінде жасалды.

5.7. Шарт жасаған адам ол жасалған күнінен бастап оны екі жыл бойы бұзуға құқылы емес.

Шартты басқа сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жас ау талабымен мерзімнен бұрын тоқтатуға болады. Шартты мерзімнен бұрын тоқтатқан кезде онда көзделген сатып алу сомасы төленген сақтандыру сыйлықақысының жүзеге асырылған сақтандыру төлемдері сомасы мен Сақтандырушының іс жүргізуге жұмсалған шығыстары шегерілген сомасынан кем болмауы тиіс.

5.8. Шарт мерзімнен бұрын тоқтатылған кезде комиссиялық сыйақыны қосалғанда Сақтандырушының іс жүргізуге арналған шығыстары біржолғы төлемі шегерілген сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінің 3 (үш) пайызынан және жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерінің 3 (үш) пайызынан аспайды.

6. Дауларды шешу тәртібі

6.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған кезде Тараптар оларды соттан тыс тәртібімен реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

6.2. Егер Тараптар келісімге келмесе даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотта қаралады.

7. Тараптардың деректемелері және қолдары

САҚТАНДЫРУШЫ

САҚТАНУШЫ

(Сақтандырушының, филиалдың
атауы, мекенжайы, телефон, банк
деректемелері (банктің
атауы, ағымдағы шоттың
№)

(Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты,
мекенжайы, телефондары) ЖСН

банк деректемелері
(банктің атауы, шоттың №)

(Сақтандырушы өкілінің қолы)
Күні _____

(Сақтанушының қолы)
Күні _____

Мөр орны

Зейнетақы аннуитеті үлгі шартына
(«Қазақстан Республикасында зейнетақымен
қамсыздандыру туралы» Қазақстан
Республикасы Заңының
59-бабының 3-тармағында
аталған тұлғалар үшін)
1-қосымша

Сақтандыру төлемдері кестесі

Төлеу күні	Мерзімдік сақтандыру төлемінің мөлшері (теңге)

Актuariйдің қолы _____

Зейнетақы аннуитеті үлгі шартына
 («Қазақстан Республикасында зейнетақымен
 қамсыздандыру туралы» Қазақстан
 Республикасы Заңының
 59-бабының 13-тармағында
 аталған тұлғалар үшін)
 2-қосымша

20 __ ж. «__» _____ № _____ зейнетақы аннуитеті шартына қорытынды

Сақтанушы (аннуитент) туралы ақпарат	
Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты	
Туылған күні/жасы	
Жынысы	
Зейнетақы аннуитеті шартын жасау негіздемесі	
Сақтандыру сыйлықақысының сомасы	
Біржолғы төлемнің мөлшері (бар болса)	
Аннуитет төлемдерін жүзеге асыру мерзімі	
Кепілдік берілген аннуитеттік төлемдердің жүзеге асыру мерзімі (бар болған жағдайда)	20 __ ж. «__» _____ бастап 20 __ ж. «__» _____ дейін
Кірістіліктің тиімді жылдық пайыздық мөлшерлемесі	
Ағымдағы құн факторы	
Кепілдік берілген сақтандыру төлемдері ескерілген ағымдағы құн факторы (бар болса)	
Индекстеу мөлшерлемесінің мөлшері	
Бірінші мерзімдік сақтандыру төлемінің мөлшері	
Зейнетақы аннуитеті шартын жасау үшін зейнетақы жинақтарының жеткілікті сомасы	

«Зейнетақы аннуитеті шартын жасау негіздемесі» бағанында зейнетақы аннуитеті шартын жасауға негіз болған «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормасын (нормаларын) көрсету қажет

Күні _____

Актуарий, қолы _____

Заң бөлімшесі, қолы _____

Бөлімше басшысы, қолы _____

*Күші жойылған Қазақстан Республикасының
нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Зейнетақы аннуитеті шарттары негізінде жинақталған зейнетақы қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарынан зейнетақымен қамсыздандыру ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 25 шілдедегі № 249 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2462 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Зейнетақы аннуитеті шарттары негізінде жинақталған зейнетақы қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарынан зейнетақымен қамсыздандыру ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 25 шілдедегі № 249 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2005 жылғы 29 қаңтардағы № 15 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3483 тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 28 мамырдағы № 155 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4803 тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесінің 4-тармағы.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Зейнетақы аннуитеті шарттары негізінде жинақталған зейнетақы қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы сақтандыру ұйымдарының зейнетақымен қамсыздандыру ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 25 шілдедегі № 249 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы» 2007 жылғы 25 маусымдағы № 183 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4826 тіркелген, 2007 жылғы 24 тамызда «Заң газеті» газетінде № 130 (1333) жарияланды)

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Зейнетақы аннуитеті шарттары негізінде жинақталған зейнетақы қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы сақтандыру ұйымдарының зейнетақымен қамсыздандыру ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 25 шілдедегі № 249 қаулысының және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларынан жинақталған зейнетақы қаражатын аудару ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 240 қаулысының кейбір тармақтарының қолданылуын тоқтата тұру туралы» 2013 жылғы 25 ақпандағы № 77 Қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8410 тіркелген, 2013 жылғы 1 шілдеде «Егемен Қазақстан» газетінде № 139 (28078) жарияланған) 1-тармағы.

Е-KZT МҮМКІНДІКТЕРІМЕН ТАНЫС БОЛЫҢЫЗДАР

Сізге e-kzt Интернет арқылы оңай тез және ең бастысы қауіпсіз сатып алуға мүмкіндік береді.

Е-KZT-бұл интернет желісіндегі тауарлар мен қызметтерге ақы төлеуге, ақша аударуға, түсім және төлем туралы барлық ақпаратты сенімді сақтауға мүмкіндік береді. Коммуналдық қызметтер, телефония, теледидар, он-лайн ойындар, жеңілдік купондар және сертификаттар, интернет және хостинг, сондай-ақ, көптеген басқа қызметтердің төлем www.e-kzt.kz порталында қол жетімді болады.



«e-kzt» өзгеше ерекшеліктері ең төменгі тариф пен ыңғайлы интерфейс ті пайдалану оңай болыптабылады. Электронды ақша арқылы төлем тез арада жүргізіледі, ал электронды әмиянды ашу және толтыру on-line тәртібінде жеке ақпарат бланкін тольырмай-ақ санаулы минуттарда жүргізіледі.

Форумында Сізді қызықтыратын сұрақтарды қоя аласыз.

[HTTPS:// WWW.EKZT.KZ/FEEDBACK](https://www.e-kzt.kz/feedback)